

Мәжди Мұхаммед
эш-Шихәуи

ҚАБІР АЗАБЫ

Арабшадан аударған:
А.Зулай

ББК 86.38
Қ 13

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ДІН ІСТЕРІ АГЕНТТІГІ
ДІНТАНУ САРАПТАМАСЫНАН
ОҢ ҚОРТЫНДЫ БЕРІЛГЕН**

Қ 13. Қабір азабы / Аудар. А. Зулай – Алматы:
«Кәусар-саяхат» ЖШС, 2013.

ISBN 978-601-7016-13-5

Иманның алты тірегінің бірі – Ақырет күніне сену, иман келтіру. Ақырет орындарының әуелгісі қабір болып саналады. Бұл кітапта қабірдегі жағдайлар, өмірді жақсы аяқтаудың белгілері сияқты мұсылмандарды толғандыратын мәселелер сөз болады. Сондай-ақ Құран Кәрім мен ардақты Пайғамбарымыз Мұхаммедтің (с.а.с.) хадистерінен осы жайтқа қатысты нақты дәлелдер келтіріледі. Кітап қалың көпшілікке арналған.

ББК 86.38

ISBN 978-601-7016-13-5 © «Кәусар-саяхат» ЖШС, 2013.

АЛҒЫ СӨЗ

Елімізге ұзақ жылдар бойы арман болған Тәуелсіздікті, халқымызға ата-баба діні Исламға оралуды нәсіп еткен Аллаһқа сансыз мадақ және Оның елшісі Мұхаммедке Аллаһтың сәлемі мен салауаты болсын!

Кеңес дәуірі тұсында материалистік идея қазақ халқын асыл дінінен айырып, тамырына балта шапқысы келді. Ол – адам маймылдың ұрпағы, білгеніңді осы дүниеде істеп қал, Ақырет деген ұғым жоқ. Өлген соң топыраққа айналасың, сонымен өмір бітті деген атеистік идеялармен халықтың санасын улаумен болды. Бірақ Аллаһтың қалауымен Қазақстан өзге де керегесі биік елдермен терезесі тең егеменді елге айналды. «Қазақ халқы – мұсылман» деген ұғым адамдарды дініне қайта оралуға итермеледі. Соның нәтижесінде еліміздегі мұсылман қауымы өздеріне және әлем халқына жаппай Аллаһ тарапынан түсірілген «Ислам» діні, Ислам шарияты ғылымдарын кең көлемде оқып үйрене бастады. Қазақстан Мұсылмандары Діни Басқармасының бастамасымен әрі толық қолдауымен еліміздің түкпір-түкпірінде мешіт-медреселер ашылып, Ислам тіректері және иман негіздеріне байланысты діни әдебиеттер саны арта түсті.

Міне, біз осындай нығметтерге қол жеткізуімізді нәсіп еткен Жаратушымыз Аллаһқа көптеген шүкірлер, мақтау-мадақтаулар айта отырып, бұл кітапшамызды иманның бір тірегі болған Ақырет күніне иман келтіру аясында халықтың ой-санасынан берік орын алған ұғымдардың қатарына жататын қабір әлемі, Муңкәр мен Нәкір сынағы және қабір нығметі мен азабы тақырыптарында әзірлеуді жөн көрдік. Бұл ұғымдар біздің мұсылман халқымыздың санасына сіңген. Өкінішке орай, қазіргі уақытта халықтың діни сауатының таяздығын пайдаланып кейбір дінбұзарлар «қабірде сұрақ болмайды», «қабір азабы не нығметі деген жоқ» деген сияқты идеяларды таратуға тырысуда. Мұсылман қазақ халқының арасына іріткі салып, Ақыретті ойлаудан алшақтатқысы келгендердің алдын алу үшін Мәжди Мұхаммед әш-Шихәуидің «Қабір азабы» атты еңбегін қазақ тіліне аударып, халыққа ұсынып отырмыз.

Оқырманға түсініктірек болсын деп, кітаптың кейбір жерлерін қысқартып, еркін аударма жасадық.

Аллаһ тағала бұл жасаған амалымыздың сауабын біздің және бұл кітапты оқушы, Аллаһ тағаланың жүзін қалаушы әрбір мұсылманның амал дәптерінің жақсылық беттеріне жазсын (әмин).

КІРІСПЕ

Аса Мейірімді, ерекше Рақымды Аллаһтың атымен бастаймын.

Әлбетте Аллаһ тағалаға шүкірлік, тәубе етіп, Одан жәрдем сұраймыз, баршамызды тура жолға бастауын және күнәларымызды кешіруін өтінеміз.

Адамның санасы дәлелдеуді қажет етпейтін шындықтардың бірі – өлім. Өлімнің дәмін бүкіл тірі жан татады. Өйткені ол – Аллаһтың бекіткен заңы.

Аллаһ тағала: **«Оның жүзінен басқа әр нәрсе жоқ болады. Үкім Оған тән. Сондай-ақ Оған қайтарыласындар»¹**;

«Бүкіл (жер жүзіндегілер) өткінші. Ұлы Дәрежелі, Жомарт Раббыңның жүзі ғана қалады»²;

«(Мұхаммед!) Шынында сен де өлесің және олар да өледі»³;

«Сенен бұрын да адам баласына мәңгілік (өмір) бермедік. Ал егер сен (де) өлсең, сонда олар мәңгілік қала ма?»⁴ – деген.

Аллаһ бұ әлемді сынақ орны ретінде, ал Ақыретті бұ дүниедегі жасаған жамандықтарының жазасын және жақсылықтарының сауабын алатын орын ретінде жаратты. Ал өлім – екі дүние арасындағы өткел. Яғни, бұ дүние уақытша, пәни мекен, ол өліммен аяқталады. Ақырет мәңгі мекен, ол өліммен басталады.

Ислам дінінің сенімі бойынша осы екі дүниенің арасында барзах әлемі бар. Ол – қайтыс болған адамдардың ақырзаман басталғанға дейін болатын орны. Оны қабір әлемі деп те атайды.

Сондай-ақ қабір – о дүниеге өткел және кірер есік. Пайғамбарымыз (с.а.с.): **«Әлбетте, қабір – Ақыреттің алғашқы мекені»**, – деген⁵.

Ал енді сол қабірде адамды қандай жағдайлар күтіп тұр? Муңкәр мен Нәкір қандай сұрақтар қояды? Оған мұсылман, кәпір немесе мұнафық қалай жауап береді? Қабір сынағынан сүрінбей

¹ «Қасас» сүресі, 88-аят.

² «Рахман» сүресі, 26-27 аяттар.

³ «Зумәр» сүресі, 30-аят.

⁴ «Әнбия» сүресі, 34-аят.

⁵ Ахмад, әт-Тирмизи, Ибн Мәжәһ.

өткенді қандай жақсылықтар, ал сүрінгенді қандай жамандықтар күтіп тұр?

Бұл кітаптан осы сұрақтардың жауабын және басқа да баршах әлемі туралы мағлұматтарды оқи аласыздар.

Автор

БІРІНШІ БӨЛІМ ӨЛІМ – АҚИҚАТ

Ажал мерзімі және орны

Аллаһ тағала: **«Ешкім ертең не істейтінін білмейді және ешкім қай жерде өлерін де білмейді»¹**, – деген.

Яғни, адам баласынан ажал мерзімі мен орны жасырылған. Аятта айтылғандай, ол қашан, қай жерде жан тәсілім ететінін білмейді. Өлім мерзімін құпия ұстауда Аллаһтың өз даналығы бар. Сондықтан адамдар әрдайым өлімге дайын жүруі қажет. Өзінің қашан өлетінін білмейтін адам ылғи да оған әзірленіп, оның қамын жасаумен болуы керек. Ал егер адам ажал мерзімінен хабардар болса, ол өмір бойы арқасын кеңге салып жүріп, өлім сәтіне таяған кезде ғана жанталасуы мүмкін. Сол үшін де ажал мерзімі адам баласынан құпия ұсталған, оның өлімге әрдайым дайын болуы қажет, ол өзіне белгіленген ажал мерзімі бар екенін және ол келген жағдайда бір сәтке де кешеуілдетілмейтінін түсінуі керек. Аллаһ тағала: **«Әр халықтың белгілі бір мерзімі бар. Олар сол мерзімі келгенде бір сәт кешіктірілмейді де ілгерілемейді»²**;

«Ей, мүміндер! Сендерді малдарың мен балаларың Аллаһты еске алудан тоспасын. Кімде-кім мұны істесе, міне, солар зиян шегушілер. Сендерден біреулеріңе өлім келіп: «Раббым! Мені жақын бір мерзімге дейін кешіктірсең, ал мен садақа беріп, ізгілерден болсам», – деуден бұрын өздеріңе берген несібемізден (тиісті орынға) жұмсандар. Қашан біреудің ажалы келсе, Аллаһ, оны әсте кешіктірмейді және Аллаһ істегендерінді толық біледі»³;

«Ақыры олардың біріне өлім келген сәтте: «Раббым! Мені (дүниеге) қайтар! Мүмкін мен қалдырғанымда (дүниеде) жақсы амал істермін», – дейді. Әсте олай емес. Бұл оның

¹ «Лукман» сүресі, 34-аят.

² «Ағраф» сүресі, 34-аят.

³ «Мунафиқун» сүресі, 9-11 аяттар.

айтқан бір бос сөзі. Олардың артында қайта тірілетін күнге дейін барзах бар»¹, – деген.

Аллаһ тағала әрбір пенденің өлімі үшін ешкім өзгерте алмайтын уақыт пен мекен дайындайды. Аллаһ тағала: **«Әрбір жан (иесі) Аллаһтың рұқсатымен ғана белгіленген жазмыш (ажал) жеткенде өледі»²**, – деген.

Адам баласына, ол қай жерде болмасын, өлімнің келуі хақ. Аллаһ тағала: **«Қайда болсаңдар да, тіпті биік қорғандарда (яғни, жұлдыздарда) болсаңдар да сендерге өлім жетеді»³**, – деген.

Адам баласы қанша сақтансын бәрібір оған белгіленген жерде Аллаһтың өлімі жетеді. Аллаһ тағала ескерте: **«(Мұхаммед! Оларға): «Расында, сендер қашқан өлім сөзсіз, сендерге жолығушы», – деп айт»⁴**;

«Біз араларыңда өлімді белгіледік. Сондықтан ешкім де Бізден оза алмайды»⁵, – деген.

Қорыта келгенде, өлімнен ешкім құтыла алмайды және ажал мерзімі Аллаһқа ғана аян ғайыптың ісі.

Аллаһ елшісі (с.а.с.): **«Егер Аллаһ бір жерде пенденің жанын алуды қаласа, оған ол жерде бір қажеттілік жасайды», – деген⁶**. Яғни, оны бір себептермен сол жерге алып барады.

Кімде-кім Аллаһпен жүздесуді жақсы көрсе, Аллаһ та онымен жүздесуді жақсы көреді

Айшадан (Аллаһ оған разы болсын) жеткен бір хадисте Пайғамбарымыз (с.а.с.): **«Кімде-кім Аллаһпен жүздесуді жақсы көрсе, Аллаһ та онымен жүздесуді жақсы көреді, ал кім Аллаһпен жүздесуді жек көрсе, Аллаһ та онымен жүздесуді жек көреді», – деген.** Сонда Айша: **«Уа, Аллаһтың елшісі! Ал**

¹ «Муминун» сүресі, 99-100 аяттар.

² «Әлі Имран» сүресі, 145-аят.

³ «Ниса» сүресі, 78-аят.

⁴ «Жұма» сүресі, 8-аят.

⁵ «Уақиға» сүресі, 60-аят.

⁶ Ахмад, әт-Тирмизи.

өлімді жек көру (қаламау) ше?» – деп сұрады. Пайғамбарымыз (с.а.с.): *«Әлбетте мүмінге өлім келген кезде оны Аллаһтың рахметімен, разылығымен және жаннаттымен қуантады, сөйтіп ол Аллаһ тағаламен жүздесуді қалайды, Аллаһ та онымен жүздесуді жақсы көреді. Ал кәпірге өлім келген кезде Аллаһтың азабы мен ашуы күтіп тұрғанын ескертіліп, ол Аллаһпен кездескісі келмейді. Аллаһ та онымен кездесуді жек көреді»*, – деді¹.

Тынығушы немесе басқалар одан тынығушы

Пәленше өлді деп Пайғамбарымызға (с.а.с.) хабар келгенде, ол (с.а.с.): *«Тынығушы немесе басқалар одан тынығушы»*, – деген².

Пайғамбарымыз (с.а.с.) *«тынығушы»* деп мүмінді және *«басқалар одан тынығушы»* деп жамандық істеушіні (себебі одан адамдар демалады) ишара еткен.

Қабір – Ақыреттегі мекен-жайлардың алғашқысы және ол ең қорқынышты мекен

Осман ибн Аффан (Аллаһ оған разы болсын) қабір басына барған кезде көзінен жас парлап жылайтын еді. Бірде одан: *«Жаннат пен тозақ жайлы айтқан кезінде жыламайсың да, қабір басына келгенде неге жылайсың?»* – деп сұрапты. Сонда Осман: *«Мен Аллаһ елшісінің (с.а.с.): «Қабір – Ақыреттің алғашқы сатыларының бірі. Кім одан құтылса, одан кейінгісі оған жеңіл. Ал кім одан құтыла алмаса, одан кейінгісі оған қиын», – деп айтып жатқанын естідім. Және Аллаһ елшісі (с.а.с.): «Қабірден қорқынышты нәрсе көрген емесін», – дейтін», – деген³.*

¹ Әл-Бұхари, Муслим.

² Әл-Бұхари, Муслим.

³ Әт-Тирмизи, Ибн Мәжәһ және Ахмад.

Дүниеге құштарлықты жоюшыны (өлімді) жиі еске алыңдар!

Әбу Һурайрадан (Аллаһ оған разы болсын) жеткен хадисте Пайғамбар (с.а.с.): **«Дүниеге құштарлықты жоюшыны (өлімді) жиі еске алыңдар!»** – дейді¹.

Ибн Омар (Аллаһ әкесі екеуіне разы болсын): *«Пайғамбарға (с.а.с.) онның оныншысы болып келдім². Ансарлардан бір ер кісі: «Уа, Аллаһтың елшісі! Ең ақылды және жомарт адам кім?» – деп сұрады. Сонда Пайғамбар (с.а.с.): «Өлімді көп еске алғандар және оған ең жақсы дайындалғандар. Міне, солар ақылдылар. Олар бұ дүниеде көп шүкірлік етіп, Ақыреттің кереметін жан-тәнімен сезетіндер», – деді», – деген³.*

Әл-Ғазәли «әл-Ихия» атты кітабында: «Біл, әлбетте өлім – қиын, қатері зор. Кімде-кім оны ойламаса жүрегінің бостығынан емес, бәлкім, дүниеге қызығушылықтан ойламаса жүрегіне өлімді еске алуды орнықтырсын! Мұны жүзеге асыру жолы – пенде өзінің жүрегін тек өлімді еске алумен орнықтырып, басқа барлық істен қағыс қалдыруы керек, құдды бір қауіп-қатерлі сахараға немесе теңізге сапар шегуді қалаған адам сияқты болсын, себебі ол одан басқа еш нәрсе ойламай, тек соны ғана ойлайды. Егер өлім қатерін жан-тәнімен сезінсе ол әсерлене бастайды, сол сәтте оның дүниеге құмарлануынан туған қуанышы, шаттығы азайып, жүрегі жұмсарады.

Өлімді еске алудың ең жақсы жолы – адамның өмірден өткен серіктерін жиі-жиі еске түсіруі. Сөйтіп олардың дүниеден қайтқанын және топырақ астындағы хал-ахуалын ойлайды, өлгенге дейінгі жақсы жағдайларын, атқарған қызметін есіне алады. Енді міне, топырақ олардың жақсы дәуренінен белгі де қалдырған жоқ. Қабірлеріндегі өмірі қалай өтіп жатқаны белгісіз. Әйелдері, балалары жетім-жесір атанды. Мал-мүліктерін өздерімен бірге алып кеткен жоқ, мешіттер мен мәжілістердегі орындарын басқа біреулер иемденді. Олардың қалай қайтыс

¹ Ахмад, әт-Тирмизи.

² Яғни, Исламды алғаш қабылдаған он адамның оныншысы.

³ Ибн Мәжәһ.

болғанын ой елегінен өткізсе өмір сүру, тірі қалу үшін жасаған әрекеттерін есіне алса, өлімді ұмытып, әр түрлі қызықтарды алданыш тұтып, жастықтың күш-қуатына сүйенгендерін, ойын-күлкіге берілгендерін, сөйтіп, ажалдың тез жетіп келетінінен бейхабар болғандарын түсінер еді. Сондай-ақ марқұм досы шешен тілімен, әсем үнімен қалай саңқылдап сөйлейтін еді, енді міне, оның тілі құрттардың жеміне айналды. Қалай жарқылдап күлетін еді, енді топырақ аппақ тістерін шірітті. Ажалына бір апта қалғанда ол өзін не күтіп тұрғанын сезген де жоқ. Бар мақсаты баю болып, алдағы он жылға жоспар жасады. Егер күтпеген жерден өліп қалуы мүмкін екенін ойласа, көз алдына періштенің бейнесін елестетіп, жаннатқа не тозаққа шақырған үнді естігендей беймаза күй кешіп немесе өзінің құлшылықты ұмытып, қаннен қаперсіз дүние қызығына беріліп кеткен басқа да күнәкар пенделерге ұқсайтынын және солар сияқты жазаға ұшырайтынын түсінер еді», – деп жазады.

Абдуллаһ ибн Омар (Аллаһ әкесі екеуіне разы болсын): *«Аллаһ елшісі (с.а.с.) иығымнан ұстады да: «Дүниеде бөтен немесе жолалушы сияқты бол», – деп айтты»,* – деген.

Ибн Омар (Аллаһ әкесі екеуіне разы болсын) Пайғамбарымыздың (с.а.с.) осы хадисін есіне алса: *«Егер кеш батырсаң таңды күтпе, егер таң атырсаң кешті күтпе. Саулығыңнан науқасыңа ал (денсаулығыңды пайдалан) және өміріңнен өліміңе (ал)»,* – дейтін¹.

Діндар, ізгі адамдардың өлімді еске алғанда айтқан сөздері мен жағдайлары

Омар ибн Абдул-Азиз күн сайын кешке фикһ ғалымдарын жинап, барлығы өлім, Қиямет және Ақыретті еске алатын, сөйтіп бейне өздерінің жаназасы шығарылып жатқанын көргендей жылайтын еді.

Ибраһим әт-Тәйми: «Мені дүниенің ләззаты мен қызықтарынан екі нәрсе: өлімді еске алу және Аллаһ тағаланың

¹ Әл-Бұхари.

алдында (яғни намазда және өзге ғибадаттар кезінде) тұруым алыстатты», – дейді.

Қағб: «Кімде-кім өлімнің не екенін білсе, оған өмірдің қиыншылықтары мен ауыртпалықтары жеңіл тиеді», – деп айтқан.

Сафия (Аллаһ оған разы болсын): *«Бір әйел өзінің жүрегінің жібімейтінін¹ айтып Айшаға (Аллаһ оған разы болсын) шағымданғанда, оған Айша: «Өлімді жиі еске ал, сонда жүрегің жұмсарады», – деді»,* – деген.

Омар ибн Абдул-Азиз бір ғалымға: «Маған уағыз айт», – дегенде, ол: «Өліммен кездесетін халифалардың алғашқысы емессің...», – деді. Омар: «Тағы айта түс», – дегенде, ол: «Адам атадан бергі әкелеріңнен өлім дәмін татпаған ешкім жоқ, сенің де кезегің келеді», – деді. Сонда Омар көңілі босап жылады.

Бірде Амр ибн әл-Ас (Аллаһ оған разы болсын) зират жақтан көзін алмай ұзақ қарап тұрады да, көлігінен түсіп, үйіне кіріп екі ракағат намаз оқиды. Сонда оған серіктері: «Бұрын бұлай істемейтін едің ғой?» – дейді, сонда Амр: *«Қабір иелерін және олардың ғибадатқа қолдары жетпей тұрғандарын еске алдым, сөйтіп Аллаһқа сол екеуі арқылы жақындауды жөн көрдім»,* – дейді.

Әбу Зарр (Аллаһ оған разы болсын): *«Пақыр, жоқшылық халге ұшырайтын күнімнен хабардар етейін бе? Ол – қабірге қойылатын күнім»,* – депті.

Әбу Дәрда (Аллаһ оған разы болсын) кейде зират басында ұзақ отыратын. Себебін сұрағандарға: *«Барар жерімді есіме түсіретін, егер кетіп қалсам артымнан ғайбаттамайтын (өсектемейтін) қауыммен бірге отырамын»,* – дейтін.

Жағфар ибн Мұхаммед түнде молаға келіп: «Уа, қабір иелері! Менде қандай ақау бар? Шақырсам неге жауап бермейсіңдер?» – дейтін. Содан кейін: «Аллаһтың атымен ант етемін! Олар сұрағыма жауап қата алмайды, мен де солар сияқты болармын», – дейді. Содан соң үйіне қайтып, таң атқанша намаз оқитын.

Омар ибн Абдул-Азиз өзімен бірге отырғандардың біреуіне: «Ей, пәленше! Бүгінгі түнді қабірді және оның иелерін еске

¹ Яғни иманның ләззатын сезінбейтінін.

алумен өткіздім. Егер мәйіт жерленіп, үш күн өткен соң оның қабірде не халге ұшырағанына көз салсаң ол кешегі сыйлас досың болса да, оған жақындаудан қорқар едің. Жатқан жерінде жәндіктер қаптап, құрт-құмырсқа өріп жүргенін, мәйіттің иісі қолқаны атып құрттарға жем болғанын көресің. Тірі кезінде таза көйлек, хош иіс, сәнді киімдер көрік берген кірпияз кісінің ұсқынсыз кейіпке түсуі..., періштелердің қатты шыққан даусынан, мәйіттің дірілдеп қоя беруі..., міне осы көріністен жаның түршікпей ме?» – депті.

Хатим әл-Асам: «Кімде-кім молалардың жанынан өткенде өзінің де солардай болатыны туралы ойланбаса, оларға дұға етпесе, онда өзіне және оларға қиянат жасағаны», – деген.

Хасан ибн Салих қабірлерге барлай қарап тұрып: «Сыртқы көріністерің қандай әдемі, әйтсе де қиыншылықтар мен жаманшылықтарыңды ішке бүгудесіндер», – дейтін.

Ата әс-Суләми әр түн сайын бейітке келіп: «Уа, көр иелері! Өлдіңдер, мен де өлемін, амалдарыңның нәтижесімен қауыштыңдар, мен де қауышамын», – дейтін. Содан соң: «Ертең Атаның орны қабірде, ертең Атаның орны қабірде», – деп таң атқанша қайталайтын.

Рабиғ ибн Хусәйм ауласының бір түкпірінен қабір қазып қойыпты. Егер жүрегінен сәл қаталдық, дүниеге құштарлық, иманы әлсірегенін байқаса әлгі көрге кіріп, біраз отырып: **«Рабым, мені кері қайтар, сонда мүмкін жақсы амалдар істермін»¹**, – деген аятты оқып, сосын өз-өзіне: «Ей, Рабиғ! Кейін қайттың, енді жақсы амал жаса!» – деуші еді.

Мәймун ибн Мәһран: «Омар ибн Абдул-Азизбен бірге ауыл шетіндегі бейіттерді араладық. Зираттарды көрген кезде Омар жылады, сосын маған қарап: «Ей, Мәймун! Бұл бәну умәйиәдан шыққан әкелерімнің молалары, бейне олар бұ дүниедегі адамдармен бірге өмірдің ләззаттарының дәмін татпаған, тіршілік қылмаған тәрізді. Олардың сынаққа түскенін білмейміз бе? Бәлкім, оларға жаза берілді, ауыр үкім шығарылды. Ал көмілген соң мәйіттерін жәндіктер, құрт-құмырсқалар жайлады...», – деді. Содан соң жылап тұрып: «Аллаһтың атымен ант етемін! Бұл

¹ «Муминун» сүресі, 99-100 аяттар.

қабірлерге айналған адамдардан Аллаһ тағаланың азабынан аман қалып, көрге кірісімен нығметке бөленген ешкімді білмеймін», – деді», – деген.

Сәбит әл-Бәннәни: «Қабір басына бардым, одан шыға бергенімде біреудің: «Ей, Сәбит! Көр иелерінің үнсіздігі сені алдамасын, өйткені онда қаншама нәпсілер қиналып, азап шегуде», – дегенін естідім», – деген.

Мутарриф ибн Әбу Бәкір әл-Һәзәли: «Абдулқайс тайпасында құлшылық етуді сүйетін бір кәрі кісі бар еді. Ол түнде ғибадатқа дайындалып михрабқа тұратын, ал күндіз зиратқа баратын. Тіпті бірде ол бейіт басына көп баратындығы үшін сөгіс алыпты. Сонда ол: «Әлбетте, қатып қалған жүректерді тек қорқынышты көріністерден басқа ештеңе жібіте алмайды. Сол себепті мен моланы зиярат етемін. Мәйіттер бейне қабірдің қуыстарынан шығып жатқандай сезінемін, солған жүз бен қураған сүйектерді көретін сияқтымын», – депті», – деген.

Бірде Омар ибн Абдул-Азизге бір фақиһ ғалым келіп, оның көп құлшылық еткендіктен түрі өзгергенін көріп таң қалады. Сонда Омар: «Ей, пәленше! Егер көрге көмілгеннен кейін үш күн өткен соң көрсең – қазір жайнап тұрған жүзім іріп-шіріп, еріндерім тістерімнен ажырап, аузымда құрттар қаптайды. Ішек-қарным ақтарылып, ұрықтар жауырын тұстан шығады, алды-артымда жәндіктер өріп жүреді. Сонда қазіргі таңданғаның жайына қалып, сұмдық қорқынышты көріністен естен танар едің!» – депті.

Өмірді жақсы аяқтаудың белгілері

Пайғамбарымыздың (с.а.с.) хадистерінде пенденің ғұмырын жақсы өткізгеніне дәлел боларлық айқын белгілер көрсетілген. Бұ дүниемен қоштасқан адамнан сол белгілердің біреуі байқалса – оның нығметке бөленгені. Аллаһ тағаладан сондай игілік, қайырлы өмір нәсіп етуін сұраймыз.

1. Өлер алдындағы куәлік

Себебі Пайғамбарымыз (с.а.с.): *«Кімде-кімнің ең соңғы сөзі: «Лә иләһә илләллаһ» болса жаннатқа кіреді»,* – деп айтқан¹.

2. Өлер алдында маңдайынан тер шығуы

Бурәйда ибн әл-Хасиб Хорасанда болған кезінде ауырып жатқан бауырына көңілін сұрап барады. Оның хал аузында жатқанын көреді. Сонда оның маңдайынан тер шығып жатады. Сол кезде ол: *«Аллаһу әкбар! Пайғамбардың (с.а.с.): «Мүмін өлгенде маңдайынан тер шығады»,* – дегенін естіген едім», – депті².

3. Жұма күні қайтыс болу

Оған Пайғамбарымыздың (с.а.с.): *«Егер мұсылман жұма күні түнде немесе күндіз өлсе, Аллаһ оны қабір азабынан сақтайды»,* – деп айтқан сөзі дәлел болады³.

4. Ислам жолында жан тапсыру

Пайғамбарымыз (с.а.с.): *«Шәһид Аллаһтың алдына барғанда алты түрлі сый-сияпатқа бөленеді: Қаны төгілген сәтте күнәсі кешіріледі, жаннаттағы орны көрсетіледі, қабір азабынан босатылады, үлкен азаптан аман қалады, иманының жемісін көреді, жаннаттағы хор қыздарына үйлендіріледі, туыс-жақындарынан жетпіс адамға шапағатшы болады»,* – деген⁴.

Маңдайына соғыста өлу жазылмаса да, жүрегімен, шын ықыласымен сұрағандарға да шәһидтік нығмет беріледі. Оған Пайғамбарымыздың (с.а.с.): *«Кімде-кім Аллаһтан шәһид болуды шын ықыласымен сұраса, ол төсегінде жатып өлсе де Аллаһ оған шәһидтің сауабын береді»,* – деген хадисі дәлел⁵.

¹ Әбу Дауд, әл-Хаким.

² Ахмад, әл-Хаким, әт-Тирмизи.

³ Ахмад, әт-Тирмизи.

⁴ Ахмад, Ибн Мәжәһ, әт-Тирмизи.

⁵ Муслим, әл-Бәйһақи.

Пайғамбар (с.а.с.): *«Кімде-кім Аллаһ жолында соғысқа шығып өлсе немесе оны біреу өлтірсе ол шәһид болады және осы жорықта атынан не түйесінен жығылып (мойнын үзіп алса да), жылан-жәндіктер шақса да, төсегінде өлсе де яки Аллаһтың қалауымен қандай бір халде өлсе де ол шәһид, ол жаннатқа барады»,* – деген¹.

Аллаһпен үздіксіз байланыста болған адамның өлімі жайлы Сәлманнан жеткен сахих хадисте Пайғамбарымыз (с.а.с.): *«Соғыста не болмаса мұсылмандарға қиыншылық төнген сәттерде олармен бір күн және бір түн бірге болу бір ай ораза ұстап намазға тұрудан да қайырлы. Егер ол сол мезетте өліп кетсе, оның бұрын істеп жүрген амалдары, құлшылықтары жазылып тұрады, ризығы да көбейе береді және от азабынан аман қалады»,* – депті².

5. Оба секілді жұқпалы дерттен өлу

Пайғамбар (с.а.с.): *«Жұқпалы ауру – әрбір мұсылманның шәһидтігі»,* – деген³.

6. Іш аурудан болған өлім

Пайғамбар (с.а.с.): *«Кімде-кім іш ауруынан өлсе, ол – шәһид»⁴,*

«Шәһидтер бесеу – жұқпалы кеселден, іш ауруынан, сондай-ақ суга кетіп немесе бұзылған нәрсенің астында қалып өлгендер және Аллаһ жолында құрбан болғандар», – деген⁵.

7. Әйел адамның босанған соң немесе екіқабат кезінде, сондай-ақ адамның кездейсоқ жағдайда өртеніп өлуі және өкпеқаптың қабынуынан көз жұму

Жәбир ибн Атиктең (Аллаһ оған разы болсын) жеткен хадисте Пайғамбарымыз (с.а.с.): *«Аллаһ жолында өлгендерден басқа*

¹ Әбу Дауд, әл-Хаким.

² Муслим, ән-Нәсәи, Ахмад.

³ Әл-Бұхари, Муслим.

⁴ Муслим, Ахмад.

⁵ Әл-Бұхари, Муслим.

жеті түрлі жағдайда қайтыс болғандар шәһидтер деп саналады: Жұқпалы аурудан, суға кетіп өлген, өкпе қабынуынан, іш ауруынан, өртенгеннен, бұзылған нәрселер астында қалғандар және ішіндегі баласымен өлген әйел», – депті¹.

8. Туберкулезден қайтыс болса

Рашид ибн Хубәйштен жеткен хадисте Пайғамбарымыз (с.а.с.): *«Туберкулез ауруынан өлсе – шәһид»*, – деген².

9. Біреуден өзінің мал-мүлкін, қаражатын қорғау үшін қарсылық көрсетіп өлуі, діні мен өзін қорғаған кезде мерт болу

Сағид ибн Зәйттен жеткен бір хадисте Пайғамбарымыз (с.а.с.): *«Кімде-кім мал-мүлкін, қаражатын тартып алғысы келген адамға қарсы шығып шайқасып өлсе, ол – шәһид, кімде-кім туыстарын қорғап өлсе, ол – шәһид, кімде-кім дінін сақтап қалу үшін күресіп өлсе, ол – шәһид және кімде-кім дұшпаннан қорғанған кезінде өлсе, ол – шәһид»*, – деген³.

10. Жақсы амал-құлшылық істеу сәтінде болған өлім

Пайғамбар (с.а.с.): *«Кімде-кім өмірінің соңында Аллаһтың дидарын қалап, соңғы сөзінде – «Лә иләһә илләллаһ» деп айтып өлсе, ол жаннатқа кіреді, кімде-кім Аллаһтың дидарын қалап, ораза ұстап жүріп өліп кетсе, ол жаннатқа кіреді және кімде-кім Аллаһтың дидарын қалап, садақа беріп тұрып өліп кетсе ол да жаннатқа кіреді»*, – деген⁴.

Қабірдің адам баласына айтар сөзі

Әбу Сағид әл-Худриден (Аллаһ оған разы болсын) жеткен хадисте: *«Бірде Пайғамбар (с.а.с.) мешітке кірген кезде ақсия*

¹ Мәлик, Ахмад, Ибн Мәжәһ.

² Ахмад.

³ Ахмад, ән-Нәсәи, әт-Тирмизи, Әбу Дауд.

⁴ Ахмад.

күліп отырған адамдарды көріп: *«Ләззат пен дүниеге құштарлықты жоюшыны (өлімді) жиі еске алыңдар! Себебі қабір адам баласына әр уақыт: «Мен бейтаныстар мекенімін, мен жалғыздар мекенімін, топырақ мекенімін, құрт-құмырсқалар мекенімін», – дейді. Мүмін пенде жерленген кезде көр оған: «Менің үстімде өмір сүргендердің ішінде өзіме қатты ұнаған жандардың қатарынан едің, хош келдің, бүгін маған келдің және қойныма ендің, саған енді не істейтінімді көресің»* дейді. Сөйтіп көзі жеткен жерге дейін қабірі кеңейтіліп, оған жаннатқа қарай есік ашылады...

Ал егер күнәкар жаман адам немесе кәпір жерленсе, оған қабір: *«Саған «хош келдің» деп айтпаймын, менің үстімде өмір сүретін пенделердің арасындағы ең жек көретіндерімнің бірі едің, енді бүгін маған келдің және қойныма ендің, енді саған менің не істейтінімді көресің»* дейді. Сөйтіп қабірдің екі жағы сығылып, дене мүшелері бір-біріне жабысып, қабырғалары айқасады», – дейді, сосын Пайғамбар (с.а.с.) саусақтарын бір-біріне айқастырып: *«Оны Аллаһ жетпіс ұлы жыланмен байлайды. Егер сол жыландардың біреуі жерге қарай демін жіберсе, ештеңе өспес еді әрі дүниеде ештеңе қалмас еді, онымен әбден есеп айырысқанша олар оны шағып азаптайды...»*, – деді», – деген.

Сөйтіп Әбу Сағид әл-Худри сөзін жалғастырып: *«Пайғамбар (с.а.с.): «Расында, қабір жаннаттың бау-бақшаларынан бір бақша немесе тозақ шұңқырларынан бір шұңқыр», – деді», – деген¹.*

Әбу Нурайра (Аллаһ оған разы болсын): *«Пайғамбармен (с.а.с.) бірге жаназға қатыстық, бейіттердің жанында отырып Пайғамбар (с.а.с.): «Осы көрге кірісімен, көр: «Ей, адам баласы! Мені қалай ұмыттың?! Менің жалғыздықтың, тылсым сыр мен қорқыныштың мекені екенімді білмедің бе? Құрт-құмырсқалар мен суық топырақтың мекенімін, тек қана Аллаһ кеңіткендерге ғана кеңмін әрі жақсымын» деп, сөйлейді», – деп, содан кейін Пайғамбар (с.а.с.) сөзін ары қарай жалғастырып: «Қабір жаннаттың бау-бақшаларынан бір*

¹ Әт-Тирмизи.

бақша немесе тозақ шұңқырларынан бір шұңқыр», – деді», – деген¹.

Қабір азабының бар екендігіне Құран мен сүннеттен дәлелдер

Қабір азабы туралы Құран Кәрімде бірнеше рет айтылған. Мысалы, Аллаһ тағала: **«(Мұхаммед!) Залымдарды қалай өлім қинап жатқанын, періштелер қолдарын созып: «Жандарыңды шығарыңдар! Бүгін Аллаһ тағалаға қарсы орынсыз сөйлегендерің, Оның аяттарына менменсінгендерің себепті қорлаушы азаппен жазаланасыңдар», – дегенді бір көрсең ғой»²**, – деген.

Әрине, бұл залымдарға өлер шағында айтылған сөз, әлбетте олар сол мезеттерде ауыр азаптармен жазаланады. Егер бұл азаптар бұ дүниемен қоштасар сәтте емес, кешігіңкіреп келсе, онда оларға «Бүгін жазаланасыңдар» деп айту дұрыс болмас еді, яғни залымдар өлер алдында-ақ жазалана бастайды.

Аллаһ тағала: **«Олар ертелі-кеш отқа ұсынылады, Қиямет-қайым болған күні: «Перғауындықтарды азаптың ең қаттысына кіргізіндер» дейміз»³**, – деп екі дүниенің де азабын ашық айтқан.

Аллаһ тағала тағы бір аятта: **«(Мұхаммед!) Енді оларды жоқ болатын күндеріне жолыққандарына дейін қойып қой. Ол күні оларға әдістері ешбір пайда бермейді әрі оларға көмек те етілмейді. Күдіксіз ондай залымдарға одан өзге де азап бар, бірақ олардың көбі түсінбейді»⁴**, – дейді.

Міне, бұл олардың бұ дүниеде соғыста өлтіріліп азапқа ұшырайтынын меңзейтін сияқты, ал олардың барзахта азап шегетіні тіпті анығырақ айтылған, себебі, олардың көбі бұ дүниеде тауқымет көрген жоқ. Сондай-ақ бұл көзқарас-пікір жалпы дұрыс деп айтылады. Әлбетте, залым, кәпір адам өлсе, ол

¹ Өт-Табарани.

² «Әнғам» сүресі, 93-аят.

³ «Ғафыр» сүресі, 46-аят.

⁴ «Тур» сүресі, 45-47 аяттар.

барзахта – қасірет шегеді, ал олардан кімде-кім тірі жүрсе – соғыста өледі, не бұ дүниеде азапталады, олар әйтеуір бір бұ дүниеде және барзахта азапқа ұшырайды. Осыған орай Құран Кәрімде: **«Әрине, оларға зор азаптан бұрын төменгі дәрежелі азаптан таттырамыз. Мүмкін олар райдан қайтар»**¹, – делінген.

Абдуллаһ ибн Аббас (Аллаһ әкесі екеуіне разы болсын) бастаған бір топ ғалымдар осы аятты қабір азабына дәлел ретінде келтірген. Олардың бұл аятты дәлел етіп келтірулері анық емес. Себебі олардың бұл дүниеде көретін осы азаптары оларды күпірліктен қайтуға алып бару керек және бұл үмбеттің данасы әрі Құранның білгірі Ибн Аббасқа жасырын емес еді. Бірақ ол өзінің Құранды терең түсіне білетіндігінің арқасында бұл аяттағы азаптың қабір азабы екендігін түсінген.

Себебі, Аллаһ тағала залымдар үшін үлкенді-кішілі екі азап барын және оларды төменгі дәрежелі азаптардың кейбір түрімен сынаққа алатынын хабарлады, мүмкін олар бұзақылықтан тыйылар.

Міне, бұл – олар үшін төменгі дәрежелі азаптан басқа да жазалар болатынына, сөйтіп олар бұ дүниеде де тауқымет шегетіндеріне дәлел. Сол себепті «төменгі дәрежелі азаппен» емес «төменгі дәрежелі азаптан» деп қолданды. Міне, бұл Пайғамбарымыздың (с.а.с.): **«Оған тозақ отынан саңылау ашылып, ыстық лебі мен жалынынан келеді...»**, – деген сөзіне сәйкес келеді.

Пайғамбар (с.а.с.) «ыстық лебі мен лаулаған жалыны келеді» демеді. Сондықтан оған жеткен жаңағы азап аздап әсер етуі ғана, ал одан зоры кейінге қалдырылды. Сондай-ақ Аллаһ тағаланың дұшпандарының бұ дүниедегі көрген азаптары түкке тұрмайды, алда шын мәнінде ауыр, ақыр-соңы жоқ одан да зор азаптар күтуде.

Аллаһ тағала: **«Ал жан алқымға келген кезде сендер (яғни, өлім үстінде жатушы) қарап қаласындар. Негізінде ол өліп бара жатқанға біз (білімімізбен) сендерден де жақынырақпыз. Бірақ сендер көрмейсіңдер. Ал егер қайта тірілмейтін**

¹ «Сәжде» сүресі, 21-аят.

болсаңдар; Егер шын айтсаңдар, оның жанын (алқымға жеткен жанын, денесіндегі алдыңғы орнына) қайтарындаршы. Ал егер өлім үстіндегі адам Аллаһқа жақындардан болса; Сонда оған рахатты шаттық, жақсы ризық және нығметті жаннат бар (періштелер хабарлап қуантады). Ал енді өлі оңшылдардан болса, саған оңшылдардан «Сәлем» (делінеді). Егер өлі жасынға шығарушы адасқандардан болса, оның қонақасысы ыстық су болады. Әрі тозаққа салынады. Сөзсіз міне, анық шындық осы. (Мұхаммед!) Ұлы Раббыңды атымен дәріште»¹, – деген.

Міне, мұнда өлген соң жанға шығарылатын үкім жайында айтылған. Бұл сүренің басында жанның қайта тірілетін күнгі үкімдері ескертілген болатын.

Әбу Һурайра (Аллаһ оған разы болсын): *«Пайғамбар (с.а.с.): «Сонда күдіксіз оған бір тар тұрмыс болады»², – деген аятты оқыған соң: «Бұл аят не үшін түсірілгенін және (тар тұрмыс) не екенін білесіңдер ме?» – деп сұрады. Сахабалар: «Аллаһ және Оның елшісі біледі», – деді. Сонда Пайғамбар (с.а.с.): «Кәпірдің қабірінде шегетін азабы», – деді», – деген³.*

Аллаһ тағаланың: *«Күдіксіз, ондай залымдарға бұдан өзге де азап бар. Бірақ олардың көбі түсінбейді»⁴, – деген аяттағы «өзге азап» дегенді Бара (Аллаһ оған разы болсын): «Қабір азабы», – деді.*

Сол сияқты Ибн Аббас (Аллаһ әкесі екеуіне разы болсын): *«Әрине оларға зор азаптан бұрын төменгі дәрежелі азаптан таттырамыз. Мүмкін олар райдан қайтар»⁵, – деген аятты «қабір азабы» деп тәпсірлеген.*

Және *«Оларды екі рет азаптаймыз. Содан соң олар зор азапқа айдалады»⁶, – деген аятты Қатада мен Рабиғ ибн Әнәс:*

¹ «Уақиға» сүресі, 83-96 аяттар.

² «Таһа» сүресі, 124-аят.

³ Ибн Хиббан.

⁴ «Тур» сүресі, 47-аят.

⁵ «Сәжде» сүресі, 21-аят.

⁶ «Тәубе» сүресі, 101-аят.

«біреуі бұ дүниеде берілетін жаза, ал екіншісі – қабір азабы», – деп түсіндірген¹.

Сондай-ақ қабір азабының бар екені, болатыны туралы Пайғамбарымыздан (с.а.с.) көптеген хадистер жеткен. Солардың біразын атап өтейік:

Мүміндердің анасы Айша (Аллаһ оған разы болсын): *«Бір яһуди әйел үйде отырған кезде Аллаһтың елшісі (с.а.с.) сырттан кірді, сол сәтте әлгі яһуди әйел маған: «Сендердің қабірлеріңде сыналатындықтарыңды сезіндің бе?» – деді. Сонда Пайғамбар (с.а.с.) бұрылып: «Әлбетте, яһудилер сыналады», – деді, бірнеше түн өткен соң Пайғамбар (с.а.с.): «Сендердің көрде сынаққа түсетіндерің жайлы маған уахи келгенін сезіндің бе?» – деді. Бұдан кейін Пайғамбардың (с.а.с.) үнемі: «Қабір азабынан сақта», – деп жалбарынаатынын еститінмін», – деген².*

Айша (Аллаһ оған разы болсын): *«Маған Мәдиналық екі яһуди әжей келіп: «Әлбетте, қабір иелері көрлерінде азапқа ұшырайды», – деді, мен ол екеуінің айтқандарын теріске шығардым. Олар кеткен соң Пайғамбарға (с.а.с.) келіп: «Уа, Аллаһтың елшісі! Маған Мәдиналық екі яһуди әжей келіп, қабір иелері қабірлерінде азапталатынына сенетіндерін айтты», – дедім. Сонда Пайғамбар (с.а.с.): «Ол екеуі шын айтты, көрдегілер азап шегеді, олардың қиналған дауысын жануарлар естиді», – деді. Кейін Пайғамбардың (с.а.с.) әр намаз сайын Аллаһтан қабір азабынан сақтауды сұрап дұға жасағанын көретін едім», – деген³.*

Әбу Айюб әл-Ансари (Аллаһ оған разы болсын): *«Пайғамбар (с.а.с.) күн батқан кезде далаға шықты, кенет әлдеқандай дауыс естіп: «Яһудилер көрлерінде азапталып жатыр», – деді», – деген⁴.*

Ибн Аббас (Аллаһ әкесі екеуіне разы болсын): *«Пайғамбар (с.а.с.) екі қабірдің жанынан өтіп бара жатып: «Расында, ол*

¹ Ибн Хиббан.

² Муслим, ән-Нәсәи.

³ Әл-Бұхари, Муслим.

⁴ Әл-Бұхари, Муслим.

екеуі азапталуда, бірақ үлкен күнәларға бола емес. Біреуі – зәрден денесін таза ұстамағандықтан, ал екіншісі үнемі өсек тасығаны үшін жазаға ұшырады», – деді», – деген¹.

Бара ибн Азибтен (Аллаһ оған разы болсын) жеткен хадисте былай деп келген: *«Пайғамбармен (с.а.с.) бірге біреудің жаназасын шығаруға бардық. Қабірдің ләхады әлі қазылған жоқ еді. Аллаһтың елшісі (с.а.с.) құбылаға қарап отырды. Біз оны айнала тырп етпестен жайғастық. Бір кезде қолындағы таяқшамен жерді ұрғылап, аспанға бір, жерге бір қарады. Назарын жоғары-төмен үш рет тастап: «Аллаһтан қабір азабынан құтқаруды тілеңдер», – деп екі-үш рет айтты, кейін: «Аллаһым! Әлбетте мен Өзіңнен қабір азабынан құтқаруды сұраймын», – деп үш рет айттып, сосын сөзін ары қарай жалғастырды: «Расында, мүмін пенде дүниеден өтіп Ақыретке бет алар кезде², оған аспаннан жүздері күннің сәулесіндей нұрлы, кіршіксіз ақ періштелер түседі. Өздерімен бірге жаннаттың хош иістерінен және жұмақ киімдерінен ала келеді. Мәйіттен көз жетерліктей ара қашықтықта отырады, сосын өлім періштесі (аләйһис-сәләм) оның бас жағына жайғасып: «Ей, жақсы жан! Аллаһ тағаланың разылығы мен кешіріміне шық!» – дейді. Сонда жан ыдыстың аузынан шыққан тамшы сияқты ағып шығады да оны өлім періштесі алады. (Тағы бір риуаятта: «жаны шыққан кезде оған аспан мен жердің арасындағы және көктегі барлық періштелер салауат айтып, көк есіктері ашылып, әр есіктің періштелері Аллаһтан оны өздерімен бірге қалдыруды сұрап дұға етеді», – делінген). Өлім періштесі жанды алысымен, оны айналасында отырған періштелер қас қаққанша қағып алып, әлгі киімге орап, хош иіс себеді. (Бұл туралы) Аллаһ: «Сендерге қорғаушы періштелер жібереді, біреулеріңе өлім келген сәтте періштелеріміз жанын алады әрі еш кемістік етпейді»³, – деген.*

¹ Әл-Бұхари, Муслим.

² Яғни, өлер алдында.

³ «Әнғам» сүресі, 61-аят.

Одан шыққан иіс жер бетіндегі ең тамаша әтірдің аңқыған иісіне ұқсайды... Сөйтіп періштелер оны алып жоғары көтергенде жолай кезіккен періште олардан: «Бұл жақсы жан кім?» – деп сұрайды. Сонда олар дүние аспанына шыққанша оның өз өміріндегі ең жақсы есімдерін айтып, жауап береді, сөйтіп ол үшін көк қақпаларының ашылуын талап етеді. Оларға аспан қақпалары ашылып, жетінші көкке жеткенше әр аспанның періштелері оларды келесісіне дейін шығарып салады. Сосын жетінші көкке жеткенде Аллаһ: «Құлымның кітабын Ғиллийінде (яғни, жоғарғы орын) жазыңдар!» – дейді.

«Жоғарғы орынның не екенін білесің бе? Ол – жазулы бір кітап. Оны Аллаһқа жақын періштелер бақылайды»¹.

Сөйтіп кітабы Ғиллийінде жазылады. Кейін Жаратушы Иеміз періштелерге: «Оны жерге қайтарыңдар, себебі Мен оларға: «Сендерді содан (жерден) жараттым, соған қайтарамын және тағы шығарамын», – деп уәде еттім», – дейді. Сөйтіп жерге қайтарылып, жаны денесіне кіргізіледі. Осы кезде ол өзін жерлеп қайтып бара жатқан адамдардың аяқ киімдерінің дыбысын естиді. Оған зор үнді екі періште келеді де, отырғызып, қатты дауыспен: «Раббың кім?» дейді, ол: «Раббым Аллаһ» дейді. – Дінің не? – Дінім – Ислам. – Сендерге жіберілген ер адам жайлы не айтасың? – Ол – Аллаһтың елшісі. – Мұны қайдан білдің? – Аллаһтың Кітабын оқып, оған иман келтіріп, сендім. Оны екі періште сынап түсіп: «Раббың кім, дінің не, пайғамбарың кім?» – деп, тағы қатты дауыстап тергейді. Бұл – мүміндер үшін ең соңғы сынақ, сондай-ақ Аллаһ айтқандай: «Аллаһ иман келтіргендерді дүние тіршілігінде де, Ақыретте де мықты сөзбен бекітеді»².

¹ «Мутаффифин» сүресі, 19-21 аяттар.

² «Ибраһим» сүресі, 27-аят. Сондықтан шын мүмін өмірде қандай қиыншылық көрсе де: «Аллаһтан басқа ешбір құдай жоқ, Мұхаммед Аллаһтың елшісі», – деген сенімінен айнымайды әрі қабірдегі сұрақтарға да дұрыс жауап береді.

Сонда ол: «Раббым – Аллаһ, дінім – Ислам, пайғамбарым – Мұхаммед», – дейді. Осы кезде көкпен: «Әлбетте құлым рас айтады, оған пейіштің киімін кигізіңдер, оған жаннаттан есік ашыңдар! – деген үн естіледі. Сөйтіп оған жұмақтан есік ашылып, көзі жеткен жерге дейін қабірі кеңейтіледі. Сосын оған жылы жүзді, жақсы киінген, жұпар иісті кісі (тағы бір риуаятта: «адам кейпіне еніп», – делінген) келіп: «Сені шаттыққа бөлейтін нәрселермен қуантамын, Аллаһтың разылығы мен мәңгілік нығметтері бар жаннатпен қуантамын, міне, бұл – сол уәде етілген күн», – дейді. Мәйіт: «Ал сен ше? Аллаһ сені де жақсылықтармен қуантсын, жүзіне жақсылық тұнған өзің кімсің?» – деп сұрайды. Сонда ол: «Мен сенің жақсы амалдарыңмын. Аллаһтың атымен ант етемін! Сені тек Аллаһқа құлшылық жасауға асығушы және күнә істерден қашушы ретінде ғана білемін. Аллаһ сені жарылқасын!» – дейді. Сосын оған жаннаттан бір, тозақтан бір есік ашылып, пейішті нұсқап: «Бұл сенің орның, егер күнә істегеніңде Аллаһ оны мұнымен ауыстырар еді», – деп тозақты меңзейді. Ол жұмақтағы көрініске қайран қалып: «Раббым, жақындарыммен және мәңгілік игіліктеріммен қауышуым үшін Қиямет күнін тез болдыра гөр», – деп жалбарынады. Сонда оған: «Күте тұр», – дейді», – деген.

Сосын Аллаһтың елшісі (с.а.с.) әңгімесін жалғастырып: «Әлбетте, кәпір пенде (бір риуаятта: «күнәкар, жамандық істеуші», – делінген) дүниеден өтіп, Ақыретке бет алғанда, оған аспаннан өңі қап-қара, ірі денелі періштелер түседі. Өздерімен бірге тозақтан қалың жүннен тоқылған мата ала келеді. Одан көз жетерліктей ара қашықтықта отырады, сосын өлім періштесі бас жағына жайғасып: «Ей, сұрқия жан! Аллаһтың ашуы мен қаһарына шық!» – дейді. Жан денесіне шашырап кетеді, оны көп тісті жұнтарақ денесінен ұрыштық тола иірілген жіптің тарқатылғанындай ажыратылады, онымен бірге терісі, майы, еті қиылып түсіп, қаны төгіледі.

«Аллаһтың ашу-ызасына қарай шық!» – дейді. Сол сәтте оның рухы денесінен (ағза-ағзасына) бөлініп тарап кетеді.

(Өлім періштесі) *оны сулы жүннің арасынан тікенекті бұтақ суырғандай етіп суырады. Онымен бірге қан тамырлары мен жүйке талшықтары бырт-бырт үзіледі.*

Аспан мен жер арасындағы барлық періштелер лағынет айтады. Жеті қат көктің есіктері жабылады, әр қақпадағы періштелер Аллаһтан оның жанын өздеріне қарай көтермеуін сұрап дұға қылады. Сөйтіп бұл жанды өлім періштесі алады, дәл сол сәтте оның қолындағы жанды жаңағы періштелер кірпік қаққанша жұлып алып, оны оттан әкелген матаға орайды, сонда одан жер бетінде ұшырасатын ең жаман, сасық иіс шығады. Оны көтеріп жоғары ұшқанда жолай кезіккен әр періште: «Бұл сұрқия жан кім?» – деп сұрайды. Олар дүние аспанының ең соңғы шегіне жеткенше оны өз өміріндегі ең жаман есімдерімен атайды, сөйтіп ол үшін көк қақпасының ашылуын талап етеді, бірақ оған ашылмайды», – деген.

Сосын Пайғамбар (с.а.с.): «Күдіксіз аяттарымызды жасынға айналдырып, өздерін одан жоғары көргендерге көктің есіктері ашылмайды... және олар түйе иненің жасуынан өткенге дейін жұмаққа кірмейді. Күнәкарларды өстіп жазалаймыз»¹, – деген аятты оқыды.

Пайғамбар (с.а.с.): «Кейін Аллаһ: «Оның кітабын Сижжінде, ең төменгі жерде жазыңдар, құлымды жерге қайтарыңдар. Себебі мен оларға уәде бердім, оларды жерден жараттым және сонда қайтарамын, сосын одан тағы шығарамын. Сөйтіп жаны аспаннан орасан зор күшпен лақтырылады», – деп: «Кім Аллаһқа серік қосса ол көктен түсіп, құс іліп әкететін немесе оны ұзаққа жел ұшырып кеткен нәрсе сияқты»², – деген аятты оқыды.

Пайғамбар (с.а.с.) тағы да: «Жаны денесіне қайтарылады, сол сәтте ол өзін жерлеп қайтып бара жатқан адамдардың аяқкиімдерінің дыбысын естиді. Оған екі зор дауысты періште келіп, отырғызып, қатты айқайлап: «Раббың кім?» – деп сұрайды: Ол: «уһ, уһ, білмедім!» – дейді. – Дінің не? – уһ,

¹ «Ағраф» сүресі, 40-аят.

² «Хаж» сүресі, 31-аят.

уһ білмедім. – Сендерге жіберілген ер адам туралы не айтасың? Ол Пайғамбардың есімін де айта алмай шатасады. Оған: «Мұхаммед», – деп айтылады. Сонда ол: «уһ, уһ, білмедім, адамдар солай деп айтатынын еститінмін», – дейді. Оған періштелер: «Сен білмедің де, ілеспедің де?» – дейді. Осы кезде көктен: «Ол жалған сөйледі, оны оттан жасалған көрпеге орандар, оған тозаққа қаратып есік ашыңдар!» – деген дауыс естіледі. Оны оттың жалыны мен ыстық лебі шарпиды. Және қабырғалары айқасқаниша қысады. Сосын оған жүзі суық, киімі лас, иісі сасық бір кісі келеді. (Бір риуаятта: «Адам кейпінде» делінген). Ол: «Саған жаманишылық хабар жеткіземін, міне, бұл өзіңе уәде етілген күн», – дейді. Сонда ол: «Ал сен ше, жүзі жамандықпен түнерген өзің кімсің? Саған да Аллаһ жамандық жіберсін», – дейді. Әлгі кісі: «Мен сенің жаман амалдарыңмын. Аллаһтың атымен ант етемін! Сені тек Аллаһқа құлшылық жасауға немқұрайлы қаран, күнәлі істерге асығушы ретінде ғана білемін. Аллаһ саған жамандық жіберсін», – дейді. Сосын қолында тауды ұрса топыраққа айналдыратын дәу шоқпары бар соқыр, саңырау, мылқау біреу оны келіп қысады да, шоқпарымен бір ұрып топыраққа айналдырады. Кейін Аллаһ бұрынғы қалпына келтіреді, сосын тағы ұрғанда ол адамзат пен жыннан басқаның бәрі еститіндей үнмен шыңғырады. Бұдан кейін тозақтан есік ашылып, оған оттан көрпе төселеді», – деді»¹.

Әсма бинт Әбу Бәкірден (Аллаһ әкесі екеуіне разы болсын) риуаят етіледі. Ол: «Аллаһ елшісі (с.а.с.) құтпа жасап тұрып, кісі сынаққа алынатын қабір сынағы жайлы айтты. Оны айтқан кезде, адамдар (қорқыныштан) шулап кетті. Тіпті мен (ол шудан) Аллаһ елшісінің (с.а.с.) сөзін түсінбей қалдым. Сөйтіп өзіме жақын тұрған бір кісіге: «Ей, Аллаһ береке бергір! Аллаһ елшісі (с.а.с.) сөзінің аяғында не айтты?» – дедім. Ол (кісі маған): «Аллаһ елшісі (с.а.с.): «**Расында, маған уахи етілді; қабірде Дәжжалдың фитнасына жақын фитнаға ұшырайсыңдар**», – деп айтты», – деді», – деген².

¹ Ахмад, Әбу Дауд.

² Әл-Бұхари.

Әбу Айюб әл-Ансари (Аллаһ оған разы болсын): «(Бірде) Аллаһ елшісі (с.а.с.) күн батқаннан кейін (тысқа) шықты. (Кенет) дауыс естіді. Сонда (сахабалар): «Не естідің, уа, Аллаһ елшісі?» – деп (сұрады). (Аллаһ елшісі (с.а.с.)): **«Яһудилер қабірлерінде азапталып жатыр», – деп айтты»,** – деген¹.

Сүннетті ұстанатындар, әлбетте, қабір азабы болатынына сенеді. Сондай-ақ бұл мәселе дұрыс сүннет ілімі бойынша бекітілген.

Әл-Маруази: «Ахмад ибн Ханбал: «Көр азабы хақ, оны тек адасқан немесе адастырушыдан басқа ешкім жоққа шығармайды», – деді», – деген.

Ханбал: «Әбу Абдуллаһқа қабір азабы жайында айттым. Ол: «Бұл дұрыс хадистер, оларға сенеміз де мойынсұнамыз. Пайғамбарымыздан (с.а.с.) жақсы сәнәдпен жалғасып жеткен ілімнің бәріне бойсұнамыз. Егер Пайғамбарымыздың (с.а.с.) бізге мұраға қалдырған істерін мойындамай, қарсы шықсақ, кері қайтарсақ, онда ісін Аллаһқа қайтарған боламыз. Құран Кәрімде: **«Сендерге Пайғамбар не әкелсе алындар да, неден тыйса одан тыйылындар әрі Аллаһтан қорқындар! Әлбетте, Аллаһ – қатты азап иесі»²,** – деп айтқан³.

Оған: «Қабір азабы хақ па?» – деп сұрақ қойдым. Ол: «Хақ, адамдар қабірлерінде азапталады», – деді. Сосын: «Әбу Абдуллаһтың: «Көр азабына, Муңкәр мен Нәкірге және пенде қабірінде сұраққа алынатындығына иман келтіреміз: **«Аллаһ иман келтіргендерді өзгермейтін, орнықты сөздермен бұл дүниеде де, Ақыретте де орнықты етеді»⁴,** – деген аяты қабірге қатысты дегенін естідім» – деген.

Ахмад ибн әл-Қасим: «Ей, Әбу Абдуллаһ! Мүңкәр мен Нәкір және көр азабы туралы риуаяттарға сенеміз бе?» – деп сұрады. Сонда Әбу Абдуллаһ: «Субханаллаһ! Иә, оған сенеміз және бұл туралы айтамыз», – деді.

¹ Әл-Бұхари, Муслим.

² «Хашр» сүресі, 7-аят.

³ Яғни, бұл аят бойынша Пайғамбардың (с.а.с.) әміріне бойсұну парыз дегені.

⁴ «Ибраһим» сүресі, 27-аят.

Қабір азабы – барзах азабы

Ғұламалар: «Әлбетте, қабір азабын барзах азабы деп білуіміз керек. Сондықтан қайтыс болған күнәкар адам жерленсе де, жерленбесе де көр азабынан құтыла алмайды. Жыртқыштар жеп қойса да немесе жанып, күлге айналса да, ауаға жайылып тарап кетсе де, дарға асылып немесе теңізге батып өлсе де, тәні мен жаны қабір азабын шегеді», – деген.

Барзах – бұ дүние мен Ақырет аралығындағы өмір. Аллаһ тағала: «**Олардың сондарында қайта тірілтілетін күнге дейін барзах (өмірі) бар**»¹, – деген.

Қабір өмірінің бақ не тозақ шұңқыры аталуы оның болатынының хақтығын білдіреді. Дарға асылып, отқа жанып, суға батып немесе аң-құстарға жем болып өлгендердің барлығы өздерінің амалдарына орай есеп беріп, барзах азабын шегеді немесе нығметке бөленеді.

Ертеде кейбір адамдар мәйітті өртеп күлге айналдырса және жел ұшырып күлдің жартысы далаға, жартысы теңізге шашылса, қабір азабынан құтылады деп ойлайтын. Сөйтіп олар балаларына өзін өртеуді өсиет ететін. Бірақ Аллаһ тағала теңізге және жер бетіне әмір берген бойда олардың денесі қайтадан жиналып қалпына келеді. Сосын Жаратқан Иеміз оған: «Тұр!» – дейді. Сол кезде ол Құдіреттің құзырында тұрады. Аллаһ тағала: «Бұл ісіңмен нені көздедің?» – дейді. Ол: «Раббым, Өзіңнен қорықтым, Өзің жақсы білесің» – дейді. Аллаһ оны кешіргенше осы сөзді қайталай береді².

Күлге айналып теңізге, далаға шашылса да, пенде барзах азабынан не нығметінен құр қалмайды. Мәйіт ағаштың басына желге қарсы ілінсе де денесі барзах азабы мен нығметінен тиісті үлесін алады. Тіпті, иманды кісінің денесі өртеніп кетсе де, тәні мен жаны барзах нығметтеріне бөленеді. Аллаһ ол үшін отты суытып аман қалдырады, ал имансыз адам үшін ауаны өртке айналдырып жібереді.

¹ «Муминун» сүресі, 100-аят.

² Әл-Бұхари, Ибн Мәжәһ.

Әлемнің барлық жаратылыстары Раббысына – бірден-бір шынайы Жаратушысына бағынышты. Аса Құдіретті Тәңіріміз оларды Өзі қалауына қарай жұмсайды. Оған ешкім қарсылық көрсете алмайды. Расында, олардың барлығы Аллаһтың құзырында, Оның құдіретіне бағынышты. Кімде-кім мұны жоққа шығарса, ол әлемнің Раббысына әдейі қарсы келген Оның Жаратушы екендігін мойындамаған кәпір деп есептеледі.

ЕКІНШІ БӨЛІМ ҚАБІРДЕГІ ҚОРҚЫНЫШТЫ ЖАҒДАЙЛАР

Қабірдегі қорқынышты үндерді жануарлар естиді

Айша (Аллаһ оған разы болсын): *«Аллаһ елшісі (с.а.с.): «Әлбетте, көрдегілер азап шегеді, олардың қиналған үшін жануарлар естиді», – деді», – деген¹.*

Умму Мубашшар (Аллаһ оған разы болсын): *«Пайғамбар (с.а.с.) (үйіме) кіріп: «Аллаһтан қабір азабынан құтқаруды сұраңдар!» – деді. Сонда мен: «Уа, Аллаһтың елшісі! Көрде де азап бар ма?» – дедім. Ол: «Әлбетте, қабірдегілер азап шегеді, олардың қиналған дауыстарын жануарлар естиді», – деді», – деген².*

Зәйд ибн Сәбит (Аллаһ оған разы болсын): *«Пайғамбармен (с.а.с.) бірге бәріміз бәну нәжжәр тайпасына қарасты ауылдың тұсынан өтіп бара жатқанымызда ол кісінің қашыры кенет әлденеден үркіп, Пайғамбарды (с.а.с.) үстінен құлата жаздап жолдан шығып кетті. Сонда анадайдан алты-бес, әлде төрт бейіт көрінді. Пайғамбар (с.а.с.): «Бұлар қашан өлген еді?» – деп сұрады. Жолдастарымыздың бірі: «Мүширік кездерінде», – деді. Сосын Пайғамбар (с.а.с.): «Әлбетте, бұл үмбет қабірлерінде сыналады. Егер сендер бір-бірлеріңді жерлейтін болмағандарыңда еді, сендерге Аллаһтан өзім естіп тұрған қабір азабын естіртуді сұрар едім», – деді», – деген³.*

Пайғамбар (с.а.с.) қабірлердің жанынан өткенде олардың дауысын есітетін болған. Егер адамдарда қабір азабының даусын есіту қабілеті болғанда, қабірге деген қорқыныштан олар бірін-бірі жерлемей қояр еді.

Жануарлар қабірде азап шегушілердің дауыстарын естігендіктен үй жануарлары топырақты жеп ауырып қалған кезде адамдар оларды яһудилердің, христиандардың, бәну

¹ Әл-Бұхари, Муслим.

² Ахмад, Ибн Хиббан.

³ Муслим, Ахмад.

ғұбайттан болған исмайлилер, нусайрилер, қарамиталар және т.б Мысыр, Шам жерлеріндегі мұнафықтардың мазарларына апаратын. Себебі жылқысы барлар олардың бейіттерін яһуди, христиандардікімен бірдей көретін. Олар жылқы қабір азабын естіген кезде қатты қорқып сілкініп, шыңғырады, сол кезде оның ауруы кетеді.

Қабір азабын жасырудың хикметі не?

Әнәс ибн Мәлик (Аллаһ оған разы болсын): *«Пайғамбар (с.а.с.) бәну нәжжардың бау-бақшасына кірген кезде көрден шыққан дауысты естіп: «Бұл қабірдің иесі қашан жерленді?» – деп сұрады. Олар: «Жәһилият кезінде¹», – деп жауап берді. Сонда оның көңілі орнығып: «Егер сендер бір-бірлеріңді жерлейтін болмағандарыңда еді, Аллаһтан сендерге өздеріңе көр азабын естіртуді тілер едім», – деді», – деген².*

Сондай-ақ алдыңғы тақырыптарда Зәйд ибн Сәбит және Умму Мубашшарлардан келтірілген хадистерде де осы мәселе сөз болды. Аллаһ тағала Өзінің иләһи даналығымен, Раббани мейірімділігімен қабір азабын бізден өзіміз жерленетін уақытқа дейін құпия ұстайды. Себебі бұл дауысты естіген әр адамды қорқыныш билейтіндіктен, жерлеу кезінде қабірге жақындай алмауы немесе оны естіген тірі адамның өліп кетуі де мүмкін болғандықтан жасырды. Олай болса, бұ дүниеде есту қабілетіміздің, күш-қуатымыздың әлсіздігіне байланысты Аллаһ жіберетін азаптан ештеңе сезінуіміз мүмкін емес. Қатты шатырлаған найзағайдың немесе күшті жер сілкінісінің дыбысын естісе көптеген адамдардың өліп кететінін білмейміз бе?! Ал мына хадистерде айтылғандай, періштелер ұрған кезде шығатын шыңғырған дауыстың қасында найзағайдың үні түкке татымас еді.

Пайғамбарымыз (с.а.с.) бір жерлеу рәсімі кезінде: *«Егер адам оны естісе қатты қорқып, естен танар еді», – деген³.*

¹ Яғни, Исламнан бұрын.

² Муслим, Ибн Хиббан.

³ Әл-Бұхари, Ахмад.

Ал бейбіт жарқылдаған найзағайлар қиыншылық, зардап шектірмесе де үрейленеміз. Сонда оның қинауға толы ауыр жазаларға ұшырағандағы азабы, тозақ оты күшейе түскендегі күні не болар екен?...

Аллаһ тағаладан бізді кешіруін, мейірімі мен рақымын нәсіп қылуын сұраймыз.

Кімде-кім Аллаһты және Оның құдіретін біле тұра, Оның Раббылық хикметімен жоқты бар етіп, рақымы түскендіктен, кейбір тылсым сырды пенделерінен құпия ұстайтынын қалай жоққа шығарады. Себебі олардың бұл жұмбақ жағдайларды көруге және естуге күші, шыдамдары жетпейді. Қабір азабының куәгер болуына адамның есту, көру қабілеті қауқарсыз. Оның сұмдық азабын көргенде не естігенде есінен адасып кетер еді, не болмаса қорқыныштан жүрегі жарылып өлер еді.

Муңкәр мен Нәкір

Әбу Һурайра (Аллаһ оған разы болсын): *«Пайғамбар (с.а.с.): «Сендерден біреулерің қабірге жерленген кезде оған екі қара-көк періште келеді. Біреуі Муңкәр, келесісі Нәкір деп аталады. Бұл екеуі оған: «Мына Мұхаммед деген адам жөнінде не деуші едің?» – деп сұрақ қояды. Әлгі адам (тірі кезінде) не айтса соны қайталайды. Егер мүмін болса: «Ол – Аллаһтың құлы және елшісі, Әшһәду әллә иләһә иллә Аллаһу, уә әшһәду әннә Мұхаммәдән абдуһу уә расулуһ», – дейді. Екі періште: «Біз сенің осылай айтқаныңды білетінбіз», – дейді. Сөйтіп оның қабірін жетпіс білек көлемінде кеңейтіп, жап-жарық етеді, сосын оған: «ұйықта!» – дейді. Сонда ол: «Туысқандарыма, байлығыма қайтайын, оларға осы халім туралы хабарлайын», – дейді. Оған екі періште: «Жаңадан отау тігушілерді ешкім оятуға батылы бармайтын, тек жақсы көретін туысы ғана оятатындай жағдайда ұйықта!» – дейді. Аллаһ тағала сол орнынан қайта тірілткенге дейін ол осындай рахат ұйқыда жатады.*

Ал мұнафық болса: *«Білмеймін, адамдардың бірдеңе дейтінін естіп, мен де соны айтатынымын», – дейді. Сонда екі*

періште: «Сенің солай айтатыныңды білетінбіз», – дейді. Сосын жерге: «Оған жақында», – деген әмір беріледі, жер жақындап оны қабырғалары айқасқанша қысады, сөйтіп Аллаһ сол орнынан тірілтіп тұрғызғанға дейін азап шеге береді», – деді», – деген¹.

Омар ибн әл-Хаттаб (Аллаһ оған разы болсын) Пайғамбардан (с.а.с.): *«Уа, Аллаһтың елшісі! Муңқар мен Нәкір дегеніміз кімдер?»* – деп сұрайды. Сонда Пайғамбар (с.а.с.): *«Қабірдегі екі сынақшы, жердің астын тістерімен, шаптарымен сүзін шығады. Дауыстары қатты шатырлаған күннің күркірегеніндей, көздері жалт етіп атылған найзағайдай, өздерімен бірге жер бетіндегі адамдар жиналып көтере алмайтын темір шоқпарды ала келеді», – деді².*

Әнәс (Аллаһ оған разы болсын) жеткізген хадисте Пайғамбар (с.а.с.): *«Пенде қабіріне қойылса және одан жолдастары бұрылса (жерлеп артқа қайтса), ол олардың (жолдастарының) қайтып бара жатқандағы аяқтарының дыбысын есітеді. Сосын оған екі періште келеді. Оны отырғызып, одан: «Мына Мұхаммед деген кісі жайлы не айтатын едің?» – дейді. Мүмін болса: «Мен оның Аллаһтың құлы және елшісі екендігіне куәлік беремін», – деп айтады», – деген³.*

Сондай-ақ Бара ибн Азибтан (Аллаһ оған разы болсын) риуаят етілген хадисте Пайғамбар (с.а.с.) мүмін пенденің қабірдегі жағдайы жайлы: *«Оған екі періште келіп, оны отырғызады да: «Раббың кім?» – дейді. Ол: «Раббым – Аллаһ», – дейді. Екі (періште): «Дінің не?» – дейді. Ол: «Дінім – Ислам», – дейді. Екі (періште): «Сендерге жіберілген кісі кім?» – дейді. Ол: «Ол – Аллаһтың елшісі», – дейді. Екі (періште): «Ілімің не?» – дейді. Ол: «Аллаһтың кітабын оқып, оған иман келтірдім және сендім», – дейді. Сол кезде көктен бір жаршы жар сала: «Пендемнің рас айтқаны үшін оған (қабіріне) жаннаттан (төсеніш) төсеңдер, оны жаннаттан киіндіріңдер және оған жаннатқа қарай есік ашыңдар!» – дейді. Және де оған*

¹ Өт-Тирмизи, Ибн Хиббан.

² Әбу Дауд, әл-Бәйһақи.

³ Әл-Бұхари, Муслим.

(жаннаттың) *лебі мен хош иісі келіп тұрады*. (Сонымен қатар) *оған қабірі көзі жеткен жерге дейін кеңейтіледі*», – деген.

Қабір азабына себеп болатын нәрселер

Жалпы алғанда адамдар қабір азабына Аллаһ тағаланы танымағандықтарынан, Оның бұйрықтарына көңіл бөлмегендіктерінен және Ол тыйым салған күнә істерге бойұрғандықтарынан ұшырайды. Аллаһ тағала Өзін таныған, сүйген, бұйрықтарына бойсұнып, қайтарғандарынан қашық жүрген ешбір рухты да, тәнді де азаптамайды. Шын мәнінде, қабір азабы – Аллаһтың пендесіне деген ашу-ызасының әсері болып табылатын Ақырет азаптарының бірі. Демек, кімде-кім бұл дүниеде Аллаһтың ашу-ызасына тиіп, сосын тәубе қылмай өлсе, ол Аллаһ тағаланың ашу-ызасы дәрежесінде барзах азабын көреді.

Ал қабір азабына жиі себеп болатын кейбір жекелеген іс-әрекеттерге келер болсақ, Пайғамбарымыз (с.а.с.) үмбетіне бұл жайттарды ескертіп айтып кеткен.

а) Өсек тарату және нәжістен тазаланбау

Бірде Пайғамбарымыз (с.а.с.) әлдебір екі қабірдің қасынан өтіп бара жатып: *«Расында, (мына) екеуі азапталып жатыр. (Бірақ) үлкен нәрсе себепті азапталып жатқан жоқ. (Бұл екеудің) бірі адамдар арасында өсек таратып жүретін, ал екіншісі зәрінен тазаланбайтын (болған)»*, – депті¹.

ә) Бөлінбеген олжадан жымқырып қалу

Әбу Һурайра (Аллаһ оған разы болсын): *«Хайбар шайқасында жеңіске жеттік, бірақ алтын-күмістерді емес мал-мүлік, бау-бақшаларды олжа еттік. Сосын Пайғамбармен (с.а.с.) бірге «Құра» сайына кері қайттық. Ол кісінің (с.а.с.) қасында оған бәни дибәб сыйға тартқан Мидғам есімді құлы бар еді. Сол Пайғамбардың (с.а.с.) атын ерттеп, ер-тоқымын салып*

¹ Әл-Бұхари, Муслим.

жатқанда, қайдан шыққаны белгісіз бір жебе ұшып келіп тиіп, табан астында көз жұмды. Сонда адамдар: «Құттықтаймыз, оған шәһидтік келді», – деді. Пайғамбар (с.а.с.): «**Жоқ, жаным қолында болған (Аллаһ)пен ант етемін! Оның үстіндегі жамылғы тозақта лаулап жанып тұр. Өйткені ол сол жамылғысын Хайбар күнгі мұсылмандарға тиесілі олжадан ұрлап алған болатын¹**», – деді», – деген².

б) Ілім үйреніп, оған амал қылмау және парыз амалдарға көңіл бөлмеу, өтірік айту

Самура ибн Жундуб (Аллаһ оған разы болсын) былай дейді: «**Пайғамбар (с.а.с.) серіктеріне: «Сендерден біреулерің түс көрді ме?» – деп жиі айтатын, сөйтіп серіктері оған Аллаһтың қалауымен баян ететін.**

Пайғамбар (с.а.с.) бір күні сәскеде бізге: «**Мен түнде маған екі кісінің келгенін көрдім. Ол екеуі мені қолымнан жетектеп, қасиетті жерге алып шықты. Қарасам бір кісі отыр, қолында имек темірі бар бір кісі түрегеп тұр. (Түрегеп тұрған кісі) ол имек темірді (отырған адамның) езуіне желкесіне жеткенше кіргізеді. Сосын екінші езуін де солай етеді. (Сол аралықта) мына (жыртылған) езуі жазылады да, (оның езуіне) қайтадан аліндегідей істейді. Мен: «Бұл не?» – деп (сұрадым). Ол екеуі: «Алға жүр!» – деді. Біз ілгері жүріп, шалқасынан жатқан бір кісіге келдік, оның бас жағында дәу тасы (немесе жартастың бөлігі) бар бір кісі тұр. Ол (жатқан адамның) басының мылжа-мылжасын шығарады. Ол ұрғанда тас домалап кетеді, оны барып алып, қайтып келгенше ананың басы жазылып, қалпына келеді де, қайтадан басына ұрады. Мен: «Бұл кім?» – деп (сұрадым). Ол екеуі: «Алға жүр!» – деді. Біз алға жүріп тандырға ұқсас, аузы тар, табаны кең, астынан от жағылып жатқан бір шұңқырға бардық. (Шұңқырдағыларға от) жақындаса, олар шығуға шақ қалып жоғары көтеріледі де, бәсеңдегенде (орындарына) қайтады. Онда жалаңаш еркектер мен әйелдер бар еді. Мен: «Бұлар кім?» – деп (сұрадым). Ол**

¹ Яғни, олжалар бөлінбес бұрын.

² Әл-Бұхари, Муслим.

екеуі: «Алға жүр», – деді. Біз алға жүріп бір қанды өзенге келдік. Оның ішінде бір кісі түрегеп тұр, ал өзеннің ортасында (немесе «өзен жағасында» деп те айтылған) алдында тастар бар, өзендегі кісіге қарсы қараған бір кісі тұрды. (Өзендегі) сыртқа шыққысы келсе, (әлгі) кісі оның аузына тас лақтырып, бұрынғы орнына қайтарады. Сөйтіп (өзеннен) шығу үшін келген сайын, аузына тас лақтырады да, ол бұрынғы орнына қайтады. Мен: «Бұл не?» – деп (сұрадым). Ол екеуі: «Алға жүр!» – деді. Біз ілгері жүріп, жасыл баққа келіп кірдік. Оның ішінде бір зәулім ағаш бар екен, түбінде бір қария мен жас балалар отыр. Қарасам ағашқа таяу жерде қарсы алдында от жағып бір кісі отыр. Сөйтіп ол екеуі мені алып ағашты бойлап көтеріліп, бір үйге кіргізді, одан әдемі (үйді) бұрынсоңды көрген емеспін, оның ішінде қарт кісілер, жас жігіттер, әйелдер мен балалар бар еді. Сосын ол екеуі мені одан шығарды да, ағаш бойымен (тағы да) жоғары көтеріліп, (басқа) бір үйге кіргізді, ол (алдыңғыдан) әдемірек әрі жақсырақ еді, онда қарттар мен жас жігіттер бар екен. Мен: «Сен екеуің мені түні бойы өздеріңмен алып жүрдіңдер, енді көргендерім туралы айтып беріңдер», – дедім. Ол екеуі: «Иә. Сен көрген езуі жыртылып жатқан – жалған сөйлеп, (өтірігі) жан-жаққа тарайтын өтірікіші, енді өзің көргеніңдей Қиямет күніне дейін оған солай істеледі. Ал сен көрген басы мылжаланып жатқан – Аллаһ Құран үйреткенмен түнді ұйқымен өткізіп, күндіз оған амал қылмаған кісі, енді Қиямет күніне дейін оған солай істеледі. Сен шұңқыр ішінен көргендер – зинақорлар, өзендегі көргенің – өсімқорлар. Ағаш түбіндегі қария – Ибраһим (аләйһис-сәләм), оның айналасындағы балалар – адамдардың (жастай шетінеген) балалары, от жағып отырған – тозақтың сақшысы Мәлік. Сен кірген бірінші үй жалпы мүміндердің үйі, ал мына үй – шәһидтердің үйі. Мен – Жәбірейілмін, мынау – Микаил. Енді басыңды көтер», – деді. Басымды көтерсем, төбемде бұлт секілді (бір орын) тұр екен. Ол екеуі: «Бұл – сенің (жаннаттағы) мекенің», – деді. Мен: «Мені жіберіңдерші, мекеніме кірейін», – деген едім, олар:

«Расында, сенің әлі аяқталмаған өмірің қалған. Қашан оны аяғына жеткізсең, мекеніңе келесің», – деді», – деген»¹.

в) Адамдардың сыртынан ғайбат айту және жұрттың мал-мүлкін зорлықпен тартып алу

Пайғамбарымыздың (с.а.с.) Миғражға көтерілуі туралы Әнәс ибн Мәлик (Аллаһ оған разы болсын) риуаят еткен хадисте Аллаһ елшісі (с.а.с.): *«Миғражға көтерілгенімде жез, темір тырнақты адамдардың тұсынан өттім. Олар беттері мен кеуделерін тырнап жатыр екен. Мен: «Уа, Жәбірейіл! Олар кімдер?» – дедім. (Жәбірейіл): «Олар – адамдардың еттерін жеушілер және мал-мүліктерін тартып алушылар», – деді», – деген².*

г) Харам нәрселерді тұтыну, өсімқорлық, жетімнің ақысын жеу, зина жасау және өсек айту

Пайғамбарымыздың (с.а.с.) Миғражға көтерілуі туралы Әбу Сағид әл-Худриден (Аллаһ оған разы болсын) келтірілген хадисте Пайғамбар (с.а.с.): *«Содан біраз жүрген соң жас піскен дәмді ет қойылған дастарқан көрдім. (Бірақ) оған ешкім жақындамайды. Ал басқа бір дастарқанда тұрып қалған, иістенген еттер бар екен. Оны бір адамдар жеп жатыр. Мен: «Уа, Жәбірейіл! Олар кімдер?» – дедім. (Жәбірейіл): «Олар – үмбетіңнен халал тұрып, харамға бас қойғандар», – деді. Сосын сәл алға жүрген едік, қарындары зорайып кеуіп кеткен адамдарды көрдік, егер біреуі сәл қозғалса қорқып шуылдап: «Аллаһым, Қиямет қайымды болдырма», – дейді. Жәбірейілден: «Олар кімдер?» – деп сұрадым. Ол: «Бұлар перғауын туыстарының жолдан тапқан балалары», – деді. Оларға тағы бір топ қосылды. Жаппай Аллаһ тағалаға жалбарынып шулағанын естідім. «Уа, Жәбірейіл! Бұлар кімдер?» – дедім. «Олар сенің үмбетіңнен өсім жеушілер», – деді», – деген. Сосын Пайғамбар (с.а.с.): «Сондай-ақ өсім*

¹ Әл-Бұхари.

² Әл-Бұхари, Муслим.

жегендер қабірлерінен жын соққандай есеңгіреп тұрады»¹, – деген аятты оқыған.

Пайғамбар (с.а.с.) сөзін жалғап: *«Содан сәл ілгері жүріп, еріндері түйенің еріндеріндей, ауыздарын ашып тас жұтып, ол (тастары) арттарынан шығып жатқан адамдарды көрдім. Аллаһқа жалбарынып байбалам салғандарын естідім. Мен: «Уа, Жәбірейіл! Олар кімдер?» – дедім. (Жәбірейіл): «Олар – үмбетіңнен жетімдердің мал-мүлкін жеушілер», – деп айтты»,* – деп: «Әлбетте, жетімдердің мал-дүниелерін зұлымдықпен жегендер, олар қарындарын отпен толтырған болады. Сондай-ақ олар жалындаған тозақ отына кіреді»², – деген аятты оқыған.

Пайғамбар (с.а.с.) сөзін жалғап: *«Сосын сәл жүріп омырауларынан ілініп тұрған әйелдерді көрдім, Аллаһқа жалбарынып шулап жатқандарын естідім. «Уа, Жәбірейіл! Бұлар кімдер?» – дедім. Ол: «Үмбетіңдегі зина жасаушы әйелдер», – деді. Тағы алға басқанда көргенім – біреулердің оң жақтарындағы еттерін кесіп, ауыздарына салып, оларға: «Бауырыңның етін жегеніңдей же!» – дейді. «Уа, Жәбірейіл! Бұлар кімдер?» – дедім. «Үмбетіңдегі өсекшілер», – деді»,* – деген³.

ғ) Намазды ауырсыну, мал-дүниесі бола тұра садақа бермеу, аманатқа жеңіл қарау және аңдамай сөйлеу

Пайғамбарымыздың (с.а.с.) Миғражға көтерілуі туралы Әбу Һурайрадан (Аллаһ оған разы болсын) жеткен хадисінде Пайғамбар (с.а.с.): *«Содан соң бастарын таспен ұрып жаратын қауымға келдік. Бастары жарылған сайын қайтадан бұрынғы қалпына түседі. Олар осы азаптан бір сәт босамады. «Уа, Жәбірейіл! Бұлар кімдер?» – дедім. Ол: «Намазды ауырсынатындар», – деп жауап берді.*

Сосын алдарында және арттарында мүйіздері бар бір адамдарға келді. Олар мал секілді үркеді. Олар дариг, заққум және жаһаннам мен оның тастарынан шоқтар жейді. Мен:

¹ «Бақара» сүресі, 275-аят.

² «Ниса» сүресі, 10-аят.

³ Әл-Бәйһақи.

«Уа, Жәбірейіл! Мыналар кім?» – дедім. (Жәбірейіл): «Бұлар – мал-дүниелерінің садақаларын бермеушілер», – деді. Аллаһ тағала оларға ештеңе де зұлымдық жасаған жоқ. Аллаһ пенделерге зұлымдық жасаушы емес.

Бұдан кейін алдарына піскен таза ет салынған қазан және жаман ет салынған қазан қойылған қауымды кездестірдік. Олар жаңағы жаман еттен жеп, жақсысын қалдырады. «Уа, Жәбірейіл! Бұлар кімдер?» – дедім. Ол: «Өзінің некелі, адал жары бола тұра жаман әйелге келіп, оның үйіне қонып шыққандар», – деді.

Сәлден кейін жолда тұрған үстінен бір нәрсе өтсе болды сынып кетерліктей бір ағашқа келдік. – Уа, Жәбірейіл! Бұл не? – дедім. – Бұл сенің үмбетіңдегі жол кесушілердің, тонаушылардың мысалдары, – деді. Аллаһ тағала:

«Иман келтіргендерді Аллаһтың жолынан тосып, бопсалап, қыңырлық іздеу үшін әрбір жол үстінде отырмандар»¹, – деп айтты емес пе?

Сосын көп мүлік жинап, оны көтере алмаса да үстіне тағыз қосып (алып) жатқан бір адамның тұсынан өттік. Мен: «Уа, Жәбірейіл! Бұл кім?» – дедім. (Жәбірейіл): «Бұл – үмбетіңдегі өзіндегі аманатты өтемей тұрып үстіне (аманат) қосып алатын адам», – деп айтты.

Содан соң еріндеріне темір сақиналар кигізіп жатқан қауымға келдік. Сақиналар өткізіліп болған соң, бастапқы халіне қайта түседі. Сөйтіп осылайша жалғаса берді. «Уа, Жәбірейіл! Олар кімдер?» – дедім. Ол: «Олар фитнаның (өсек, бос сөз) құтпашылары», – деді.

Содан соң бір кішкене інді кездестірдік. Одан үлкен өгіз шықты. Ол өгіз шыққан жеріне қайта кіргісі келеді, бірақ кіре алмайды. Мен: «Уа, Жәбірейіл! Бұл кім?» – дедім. (Жәбірейіл): «Бұл – аңдамай бір сөз сөйлеп, кейін оған онық жейтін және қайтарып ала алмайтын бір кісі», – деп айтты», – деген².

¹ «Ағраф» сүресі, 86-аят.

² Әл-Бәйһақи, Ибн Кәсир.

д) Өлген адамның артынан айтылған жоқтаулар мен қатты дауыстап жылау

Пайғамбар (с.а.с.): *«Мәйіт туыстарының жоқтау айтуы және жылап-сықтауы салдарынан азап шегеді»*, – деген¹.

Жоғарыдағылармен қатар қабір азабына себеп болатын нәрселерге мыналар жатады: жалған куәлік беру, адал адамды қаралау, бүлікке араласу, бидғатқа бастау, Аллаһ және Оның елшісіне (с.а.с.) қатысты өзі білмейтін нәрсені айту, паракорлық, араққұмарлық, ұрлық, қиянат, алдау-арбау, қулық-сұмдық, Аллаһтың тыйым салғанына рұқсат беру, Аллаһ тағаланың міндеттегендерінен бас тарту үшін және Оның тыйым салғандарына қол ұру үшін айла-шарғы істеу, мұсылмандарға азар беру, олардың айыптарын ашу, Құран үкімдеріне жүгінбеу, Аллаһтың шариғатына сүйенбей пәтуа беру, күнәкарлыққа және дұшпандыққа жәрдемші болу, нақақтан кісі өлтіру, қабірлерге табыну, зұлымдық, тәкаппарлық, риякерлік, бақсы-балгерлерге сену, дүние үшін дінін сату және т.с.с.

Қорыта айтқанда, кез келген күнә қабір азабына себеп болуы мүмкін.

Жыландар мен айдаһарлар

Айша анамыздан (Аллаһ оған разы болсын) жеткен хадисте Пайғамбар (с.а.с.): *«Кәпірге екі жылан жіберіледі, бірі бас жағынан, екіншісі екі аяқ жағынан оны бар күшімен тістеп шағады. Олардан құтылғанымен бәрі қайтадан басталады, осылайша Қиямет күніне дейін жалғаса береді»*, – деген².

Әбу Сағид әл-Худриден (Аллаһ оған разы болсын) жеткен хадисте Пайғамбар (с.а.с.): *«Кәпірге қабірде тоқсан тоғыз айдаһар жылан жіберіледі. Қиямет күніне дейін оны жалап, шағып тұрады. Егер ол айдаһарлардың біреуі жерге демін жіберсе бұ дүниеде бірде-бір жасыл өсімдік өспес еді»*, – деп айтқан³.

¹ Әл-Бұхари, Муслим.

² Ахмад.

³ Ахмад, Ибн Хиббан.

Әбу Һурайрадан (Аллаһ оған разы болсын) жеткен хадисте Пайғамбар (с.а.с.): *«Кәпірге тоқсан тоғыз үлкен айдаһар жіберіледі. Үлкен айдаһардың не екенін білесіңдер ме? Ол – әрқайсысының жеті басы бар жетпіс жыланмен тең. Қиямет күніне дейін оны жалап, шағады»,* – деген¹.

Әнәстан (Аллаһ оған разы болсын) жеткен хадисте Пайғамбар (с.а.с.) кәпірлер мен мұнафықтардың не жағдайға ұшырайтыны туралы: *«Содан соң темір балғамен екі құлағының арасынан ұрады. Оның қатты шыңғырған дауысын жер бетіндегі адамдар мен жындардан басқаның барлығы естиді»,* – деген².

Бара ибн Азибтен жеткен хадисте Пайғамбар (с.а.с.): *«Бұдан кейін қолына темір шоқпар ұстаған соқыр, саңырау, сақау біреу қасына келіп қинайды. Егер оның қолындағы шоқпармен тауды ұрса, топыраққа айналар еді»,* – деген³.

Қабір қысымы

Қабір қысымы мүміндерге де, кәпірлерге де ортақ, екеуін де қамтитынына дәлелдер келген.

Айшадан (Аллаһ оған разы болсын) жеткен хадисте Пайғамбар (с.а.с.): *«Расында, қабірдің қысымы бар. Егер одан біреу құтыла алғанда, онда сөзсіз Сағд ибн Муғаз құтылар еді»,* – деген⁴.

Ибн Аббастан (Аллаһ әкесі екеуіне разы болсын) жеткен хадисте: *«Пайғамбар (с.а.с.) Сағд ибн Муғазды жерлеген күні оның қабірінің жанында отырып: «Егер көр сынағынан немесе қабір мәселесінен біреу құтылар болса, одан Сағд ибн Муғаз құтылар еді»,* – деген», – делінген⁵.

Абдуллаһ ибн Омардан (Аллаһ әкесі екеуіне разы болсын) жеткен хадисте Аллаһ елшісі (с.а.с.): *«Бұл үшін (яғни, Сағд ибн Муғаз) Рахманның (Аллаһтың) аршы шайқатылды және ол*

¹ Ибн Хиббан.

² Әл-Бұхари, Әбу Дауд.

³ Ахмад, Әбу Дауд.

⁴ Ахмад.

⁵ Әт-Табарани.

үшін аспан есіктері ашылды және оның жаназасына жеттісімың періште қатысты. Ол (қабірде бір сәт) қысылды да, сосын барып оған кеңшілік берілді», – деген¹.

Әнәстан (Аллаһ оған разы болсын) жеткен хадисте Пайғамбар (с.а.с.) сәбиді жерлегеннен кейін: *«Егер біреу қабір қысымынан құтылар болса, одан осы сәби құтылар еді», – деген².*

Қабірдің тарлығы және иелеріне қараңғы болуы

Өткен тарауларда қабірдің адам баласына өзін: «Мен қараңғы және өте тар мекенмін», – деп сипаттағанын айтқан едік³.

Аллаһ елшісінің (с.а.с.) кезінде Пайғамбарымыздың (с.а.с.) мешітін тазалайтын бір әйел қайтыс болады. Аллаһ елшісі (с.а.с.) оны іздегенде, (адамдар) оның түнде қайтыс болғандығын айтады. (Пайғамбарды (с.а.с.) ұйқысынан оятқылары келмей, адамдар оны түнде жерлеп қойған еді. Пайғамбар (с.а.с.) сахабаларға): *«Мені неге оятпадыңдар?»* – дегенде, олар: *«Оятқымыз келмеді»,* – деді. Пайғамбар (с.а.с.) мешітке қызмет ететін бұл әйелге құрмет ретінде, оның қабіріне баруды қалап, сахабаларынан оның қабірін көрсетуді сұрады. Оның қабіріне келіп, оған дұға қылып: *«Расында, мына қабірлер, иелері үшін зұлматқа толы. Аллаһ тағала оларды (қабірлерді) оларға (марқұмдарға) қылынған дұға үшін нұрландырады»,* – деген⁴.

Сондай-ақ алдыңғы тақырыптардағы сахих хадистерде кәбірдің қабірі тарылатыны туралы айтылған-ды.

¹ Ән-Нәси, Ахмад.

² Мәжмәъ әз-Зәуәйд, әл-Һәйсәми.

³ Өт-Табарани.

⁴ Әл-Бұхари, Мұслим.

ҮШІНШІ БӨЛІМ ҚАБІР ҚИЫНШЫЛЫҚТАРЫНАН ҚҰТҚАРАТЫН АМАЛ-ҚҰЛШЫЛЫҚТАР

Жалпы көр азабына ұшырататын себептерден сақ болуымыз керек. Бұл туралы жоғарыда айтылды. Қабір азабынан сақтанудағы ең пайдалы істердің бірі – әр адам ұйықтар алдында Аллаһ үшін аздап уақыт бөліп, сол күнгі пайдалы және зиянды істері туралы өзінің нәпсісінен есеп алуы. Сосын қателігін Аллаһ кешіретіндей тәубеге келіп, оянған соң күнәларын қайталамауға ниеттенуі. Осы тәубеге келген қалпында ұйықтаса, сондай халде дүниеден өтсе, тәубеге келіп өлген болады. Ал егер ұйқысынан оянса, орындауға үлгермей кейінге қалдырған амалдарын жүзеге асырып, ажалының кешіктірілгеніне қуанып, ізгі амал істеуге асығады. Пендеге осындай ұйқыдан пайдалысы жоқ. Әрине, тәубе қылғаннан кейін өзін ұйқы жеңгенге дейін Аллаһты зікір етіп Пайғамбарымыздың (с.а.с.) сүннеттерін де жүзеге асырған пайдалы. Аллаһтан басқа күш-қуат жоқ, Аллаһ кімге жақсылық қаласа, оған жол ашады. Дәлірек айтқанда, Пайғамбарымыздан (с.а.с.) қабір азабынан құтқаратын істер туралы көптеген хадистер жеткен. Бұл орайда осы хадистердің біразын назарларыңызға ұсынуды жөн көрдік.

Қиындықта мұсылмандармен бірге болу

Салманнан (Аллаһ оған разы болсын) риуаят етілген хадисте Пайғамбарымыз (с.а.с.): *«Соғыста немесе мұсылмандарға қиыншылық туған кездерде олармен бір күн және бір түн бірге болу бір ай ораза ұстап, намазға тұрудан жақсы. Ал егер ол өлсе, оған бұрын істеп жүрген (ізгі) амалдары жалғасын тауып жазылып тұрады және ризығы үзілмейді, азаптардан құтылады»*, – деген¹.

Имам ән-Нәуәуи: «Бұл – қиыншылық туған кездері мұсылмандармен бірге болған адамға көрсетілер сый-құрмет, ал өлгеннен кейін ізгі амалдарының жалғасын тауып жазыла

¹ Муслим, ән-Нәсәи, Ахмад.

беретіні – тек өзіне ғана арналған, ешкім ортақтаса алмайтын құрмет», – деген¹.

Пайғамбар (с.а.с.): *«Әрбір мәйіт өзінің амалын аяқтайды. Тек «Мурабит» соғыста немесе мұсылмандарға қиыншылық туған кездері олармен бірге болған жанның амалдары Қиямет күніне дейін өсе береді және қабір қиыншылықтарынан құтқарады»,* – деген².

Аллаһ жолында шәһид болу

Миқдәм ибн Мағдикәрибтен (Аллаһ оған разы болсын) жеткен риуаятта Аллаһ елшісі (с.а.с.): *«Шәһидке Аллаһ тарапынан алты сый бар: төгілген қанының бірінші тамшысы шығысымен күнәлары кешіріледі, жаннаттағы орнын көреді, қабір азабынан босатылады, үлкен азап күнінен құтқарылады, басына дүниедегі барлық нәрседен қайырлы жақұт-маржанның тәж кигізіледі, хор қыздарының жетпіс екі қызына үйленеді және жақындарынан жетпіс адамға шапағат қылады»,* – деген³.

Мүлік сүресін оқу

Ибн Аббас (Аллаһ әкесі екеуіне разы болсын): *«Аллаһ елшісінің (с.а.с.) бір жолдасы байқамай шоқпармен қабірді ұрды, бірақ ол оның бейіт екенін білмеген еді. Кенет көрдегі мәйіттің Мүлік сүресін соңына дейін оқығанын естіді. Сөйтіп ол Пайғамбарға (с.а.с.) келіп: «Уа, Аллаһтың елшісі! Мен шоқпарыммен байқамай бір қабірді ұрған едім, ондағы адам «Мүлік» сүресін соңына дейін оқыды», – деді. Сонда Аллаһ елшісі (с.а.с.): «Мүлік сүресі – тыюшы, құтқарушы; оны (мәйітті) қабір азабынан құтқарады», – деді»,* – деген⁴.

Әбу Һурайрандан (Аллаһ оған разы болсын) жеткен сахих хадисте Аллаһ елшісі (с.а.с.): *«Расында, отыз аяттан тұратын*

¹ Шарх ән-Нәуәуи (13/61).

² Ахмад, Әбу Дауд.

³ Әт-Тирмизи, Ибн Мәжәһ, Ахмад.

⁴ Әт-Тирмизи.

сүре өзін оқыған кісінің күнәсі кешірілгенше шапағат қылады – Тәбаракәлләзи би ядиһил-мулк», – деген¹.

Сәжде сүресі

Халид ибн Миғданнан: Пайғамбар (с.а.с.): *«Сәжде сүресі өзін оқыған пенде үшін араша түсіп, оны қабір азабынан құтқарады», – дегені риуаят етілген².*

Іш ауруынан болған өлім

Абдуллаһ ибн Ясәрдан жеткен риуаятта: «Сүлеймен ибн Сурд және Халид ибн Ғұрфутамен отырған едім, олар іш ауруынан өлген адам жайлы айтты. Олар оның жаназасына қатысуды армандап, біреуі екіншісіне: *«Пайғамбар (с.а.с.): «Кімде-кім іш ауруынан өлсе, қабірінде азапталмайды», – демеп пе еді?»* – деді. «Иә», – деді серігі. Тағы бір риуаятта: «Рас айттың», – дейді», – делінген³.

Жұма күні қайтыс болу

Абдуллаһ ибн Амрден (Аллаһ әкесі екеуіне разы болсын) жеткен хадисте Пайғамбар (с.а.с.): *«Мұсылмандардан кімде-кім жұма күні күндіз немесе түнде өлсе, Аллаһ оны қабір сынағынан құтқарады», – деген⁴.*

Парыз амалдар мен ізгі іс-әрекеттер

Әбу Һурайрадан (Аллаһ оған разы болсын) жеткен хадисте Пайғамбар (с.а.с.): *«Расында, мәйіт одан (адамдар) бұрылған кезде олардың аяқтарының дауысын есітеді. Егер (пенде) мүмін болса, намаз оның бас жағында, ораза оң жағында, зекет сол жағында, ал садақа, туыстық қарым-қатынасты үзбеу, дұрыстық, адамдарға деген жақсылықтардан тұратын ізгі амалдар аяқ тұсында тұрады. Оған (азаптар мен жамандықтар) бас жағынан келтіріледі, сонда намаз: «Менің*

¹ Ахмад, әт-Тирмизи, Әбу Дауд.

² Әд-Дәrimi.

³ Ахмад, ән-Нәсәи.

⁴ Ахмад, әт-Тирмизи.

тарапымнан кірер жер жоқ», – дейді. Сосын оң жақтан келтірілгенде, ораза: «Менің тарапымнан кірер жер жоқ», – дейді. Кейін сол жағынан келтіріледі, сонда зекет: «Менің тарапымнан кірер жер жоқ», – дейді. Содан соң аяқ тұсынан келтірілгенде де, садақа, туыстық түзу қарым-қатынас, дұрыстық, адамдарға деген жақсылықтардан тұратын ізгі амалдар: «Менің тарапымнан кірер жер жоқ», – дейді», – деген¹.

Қабір азабынан Аллаһқа жалбарыныңдар!

Умму Мубашшардан (Аллаһ оған разы болсын) жеткен хадисте Пайғамбар (с.а.с.): *«Қабір азабынан сақта деп Аллаһқа жалбарыныңдар»,* – деген².

Сол сияқты Бара ибн Азибтен (Аллаһ оған разы болсын) де осы мағынадағы хадис жеткен³.

Әбу Һурайрадан (Аллаһ оған разы болсын) жеткен хадисте Аллаһтың елшісі (с.а.с.): *«Әр мұсылман соңғы тәшәһһүдті аяқтағаннан кейін Аллаһқа төрт нәрседен сақтауды сұрап жалбарынсын: жаһаннам мен қабір азабынан, тіршілік пен өлімнің бүлігінен және мәсих дәжжалдың жамандықтарынан»,* – деген⁴.

Мүміндердің анасы Айшадан (Аллаһ оған разы болсын) жеткен хадисте Пайғамбар (с.а.с.) намазда тұрып: *«Уа, Аллаһ! Мен Өзіңе қабір азабынан, мәсих дәжжалдың бүлігінен, өмір мен өлім сынағынан және жаһаннам азабынан сақтауыңды сұрап жалбарынамын»,* – деп дұға қылатын⁵.

Әнәстан (Аллаһ оған разы болсын) риуаят етілген хадисте Пайғамбар (с.а.с.) дұға қылып: *«Аллаһым! Расында, мен Өзіңнен дәрменсіздік пен жалқаулықтан, қорқақтық пен сараңдықтан және қарттықтан пана сұраймын. Және*

¹ Ибн Хиббан, әл-Хахим.

² Ахмад, Ибн Хиббан.

³ Ахмад, Әбу Дауд.

⁴ Муслим, Ахмад, Әбу Дауд.

⁵ Әл-Бұхари, Муслим.

Өзіңнен қабір азабынан пана сұраймын, сондай-ақ, Өзіңнен тіршілік пен өлімнің бүлігінен пана сұраймын», – деген¹.

Абдуллаһ ибн Аббастан (Аллаһ әкесі екеуіне разы болсын) риуаят етілген хадисте Пайғамбар (с.а.с.) оларға (сахабаларға) осы дұғаны Құраннан бір сүрені үйретіп жатқандай үйрететін. Және өзі де (с.а.с.) әрбір намазында ташаһудтан кейін: ***«Аллаһым! Біз Өзіңнен жаһаннамның азабынан, Өзіңнен қабір азабынан және Өзіңнен мәсих дәжжалдың бүлігінен пана сұраймын және Өзіңнен тіршілік пен өлімнің бүлігінен пана сұраймыз!»*** – деп дұға қылатын².

Осы сияқты Пайғамбардың (с.а.с.) қабір азабынан сақтауды сұрап Аллаһқа жалбарынғаны туралы көптеген хадистер бар.

Қабір нығметтері

Қабір нығметтеріне Аллаһ тағаланың мына сөзі дәлел: ***«Ал егер (өлген кісі) Аллаһқа жақындардан болса, сонда оған рахатты шаттық әрі нығметті жұмақ бар»³.***

Сондай-ақ алдыңғы тақырыптарда Бара ибн Азибтен және басқалардан жеткен хадистерде қабір нығметтерінің біразы айтылды.

Әбу Һурайрадан (Аллаһ оған разы болсын) жеткен хадисте Пайғамбар (с.а.с.): ***«Расында, өлер алдында мүмінге періштелер әтір және райхан иісі сіңген жібек алып келеді. Жаны қамырдан суырылған талшықтай (жеңіл) шығады. Оған: «Уа, жақсы нәпсі, өзіңнің қалауыңмен, ризашылығыңмен Аллаһтың ризашылығына, кереметтеріне шық!»*** – делінеді. ***Жаны шыққан бетте жаңағы миск, әтір сіңген жібекке оралады, онымен Ғиллийнге (жаннаттағы орын) жіберіледі»,*** – деген⁴.

Әнәс ибн Мәликтен (Аллаһ оған разы болсын) жеткен хадисте Пайғамбар (с.а.с.): ***«Екі періштенің қабірдегі сынағынан***

¹ Әл-Бұхари.

² Муслим.

³ «Уақиға» сүресі, 88-89 аяттар.

⁴ Ахмад, Ибн Хиббан.

сүрінбей өткеннің қабірі жетпіс білекке кеңейтіліп, жасыл желекке толтырылады», – деген¹.

Пайғамбарлар мен шәһидтердің қабірдегі жағдайы

Кейбір ерек тұлғалы адамдар болады. Қабір өмірінде олардың рухтарының арнайы орындары бар. Бұлардың қатарына пайғамбарлар кіреді, оларға сәлем болсын!

Айша (Аллаһ оған разы болсын) Пайғамбардың (с.а.с.) өмірінің соңғы сәттерінде: **«Бәлкім, жаннаттан жоғары серік»**, – деп айтқанын жеткізген².

Пайғамбарлардың рухтары көкте жоғары серікпен бірге құрметті орында болады. Аспандардың ең жоғарысында Аллаһ тағала сый-құрметке бөлеген пайғамбарлармен және періштелермен бірге болмақ. Бұл жайлы Миғраж туралы әңгімелеген сахих хадистерде келтірілген. Миғражда Пайғамбарымыз (с.а.с.) әртүрлі аспанда пайғамбарлармен кездескен. Яғни, олар дүние салғаннан кейін сол жақта өмір сүреді.

Сол сияқты шәһидтердің де арнайы орындары бар.

Аллаһ тағала Құранда шәһидтер туралы: **«Аллаһ жолында өлтірілгендерді өлі деп ойлама, әрине, олар тірі. Раббыларының жанында олар ризыққа бөленеді»**³, – деген.

Олардың өлгеннен кейінгі жағдайы басқалардікіндей емес, біршама ерекшеленеді. Шәһидтер пайғамбарлар мен шыншылдар сияқты тірі болады, денелері де бұзылмайды. Ал рухтары арнайы бір орындарды иемденеді. Аллаһ тағала: **«Әрине, олар тірі. Раббыларының алдында ризыққа бөленеді»**, – дейді. Яғни, олар тірі, біз сияқты Аллаһтың алдында ризық алып жатыр. Бірақ қайда?!

Масруқ біз әңгіме етіп отырған аяттың мәнін Абдуллаһ ибн Масғудтан (Аллаһ оған разы болсын) сұрағанда, ол: **«Біз де бұл**

¹ Муслим.

² Әл-Бұхари.

³ «Әлі Имран» сүресі, 169-аят.

жайлы Пайғамбардан (с.а.с.) сұрағанбыз. Ол (с.а.с.): «(Шәһидтердің) рухтары, аришыға ілінген шырақтары бар жасыл құстардың кеуде қуысында. Ертемен жаннаттың қалаған жеріне барып, сосын әлгі шырақтарға қайтады», – деп айтты», – деп жауап берген¹.

Яғни, шәһидтердің рухтары жасыл құстардың ішінде, ал ол құстардың мекені Аллаһ тағаланың аршына ілінген құс ұясы тәрізді шырақтарда болмақ.

Міне, бұл – Аллаһ тағаланың шәһидтерге әзірлеген құрмет орны. Сондықтан да Пайғамбарымыздың (с.а.с.) сахабалары және бұрынғы өткен ізгі кісілер шәһидтікті қалайтын болған. Өйткені олар Құран аяттарынан және Пайғамбарымыздың (с.а.с.) хадистерінен шәһидтерге дайындалған сый-құрметтің қаншалықты жоғарғы дәрежеде екендігін біліп, оны қалап және осы мәртебеге жету үшін қатты ұмтылатын. Пайғамбарымыз (с.а.с.): *«Кімде-кім шын жүрегімен Аллаһтан шәһидтікті сұраса Аллаһ оны, егер ол төсекте өлсе де, шәһидтердің мәртебесіне жеткізеді», – деген².*

Қабір азабы мен нығметтері жан мен тәнге жеке беріле ме әлде екеуіне ортақ па?

Ғұламалар: «Көптеген сахих хадистер сұрақ-жауап кезінде жанның тәнге қайтарылуына дәлел болады. Ал тәннің жансыз түрде сұраққа алынуы туралы бір топ адамдар айтқан, оны ғалымдардың көбісі жоққа шығарды. Ал тағы біреулер бұған қарама-қарсы ой яғни, «сұрақ тәнге емес, тек жанға ғана қатысты», – деп айтты. Бұл Ибн Хазмның ойы, бірақ бұл екі пікір де қате.

Сахих хадистер бұл екеуін де жоққа шығарады.

Сүннетті ұстанушы төрт мазһаб өкілдерінің бір ауыздан мақұлдауы бойынша мұның шешімі төмендегідей: «Қабір азабы мен нығметтері жан тәннен бөлінсе де, тәнмен бірге қосылып

¹ Муслим.

² Әт-Тирмизи.

тұрса да, екеуіне ортақ, олар бірге азапталады немесе бірге нығметке бөленеді», – деп айтқан», – деген.

Тағы да: «Бізден бұрынғы мұсылман бауырларымыздың және олардың имамдарының мазһабы бойынша мынадай тұжырым жасалды: Әлбетте, мәйітке нығмет немесе азап беріледі және ол жаны мен тәніне ортақ болады. Жан тәннен ажыраған беті азапталып немесе нығметке бөленіп тұрады. Сондай-ақ жан кейде тәнге қосылады, осы кезде онымен бірге азап шегеді немесе нығметке бөленеді. Содан соң Қиямет күні болғанда жан тәніне қайтарылып, бейіттерінен шығып, әлемдер Раббысының құзырына жиналады. Ал тәннің Раббысына қайтарылуы мұсылмандар, яһудилер және христиандар арасында бірдей мойындалған көзқарас» – деп айтқан.

Рух барзах өмірі үшін адам тәніне қайтқанда, біздің түсінігіміздегідей дүниедегіше қалыпта тірі болып қайтпайды. Десе де оның өзіндік бір күйі, тіршілігі болады. Алайда біз оны өлі күйде көреміз. Мәселен, адам ұйқыда жатқанда оның рухы бұл дүниеден (уақытша) тыс болса да, ол өзіндік тіршілігін тоқтатпайды. Түс көреді, қуанады, қысылады, жылайды, күледі т.с.с. Ал ұйықтап тұрған соң әртүрлі халін баяндайды, яғни ол ұйқыдағы жағдайын сезінеді. Тәтті ұйқы болады және азапты ұйқы бар. Дәл осы сияқты барзах өмірі де өзіндік тіршілікке ие. Демек, барзах өмірінде рух пен тән бірлестігі дүниедегідей кейіпте емес...

«Жаратушы Раббым, уа, Аллах! Мен қабір азабынан, мәсих дәлжалдың фитнасынан, жаһаннам азабынан және өмір мен өлім бүлігінен Өзіңнен пана сұраймын!»